ASTANA
TAZALYQ

# TAZA SANA QALA



**2025 жылы Мемлекеттік марапат пен Президенттен алғыс хат алғандар тізімі**



Әбілдин Медет
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Алғысы



Байболов Талғат
Президенттің Алғысы



Бейсеков Оразбек
ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» медалі



Брауэр Инна
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Алғысы



Қамитқызы Гүлбаршын
«Ерен еңбегі үшін» медалі



Мұрат Мыңжасаров
Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы



Сағынов Замир
"Парасат" ордені

**«Астана Тазалық» мекемесінің ең үздік 20 қызметкері Астана көшелеріндегі мониторда орналастырылды**




"DOSTAR BUILDING GROUP" ЖШС
Баспа үйі

Бас редактор: Қымбат Қомытова

Редакторлар:
Айгерім Жүнісова, Әсел Мұқанова
Сәндібек Пренов

Дизайн және беттеу:
Рахманберді Жалғас Махмудұлы

Техникалық көмекшілер:
Акимбаев А., Акимбаев Т.
Ерубай Р., Умбеталиев Н., Досқал Ә.

Фотограф:
Қалжан Тұрсынбай
Илесбаев Қуандық

Издательство
ТОО "DOSTAR BUILDING GROUP"

Главный редактор: Кымбат Комытова

Редакторы:
Айгерим Жунисова, Асель Муканова
Сандибек Пренов

Дизайн и верстка:
Рахманберди Жалгас

Технические помощники:
Акимбаев А., Акимбаев Т.
Ерубай Р., Умбеталиев Н., Доскал А.

Фотограф:
Калжан Турсынбай
Илесбаев Куандык



(Сурет Aqorda.kz сайтынан алынды)

«Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегі болуы керек.

Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда.

Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық.

Осы жұмысқа атсалысып жүрген азаматтарға, әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіремін.

Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет»

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.**
**Қазақстан халқына Жолдауында сөйлеген сөзі.**

# Көзге көрінбейтін қаһармандардың беделін көтеру маңызды

Урбандалу үдерісі қарқындаған қазіргі кезде коммуналдық қызметкерлерге деген қажеттілік барынша артып келеді. Бұл – жұмыспен қамтуына технология мен цифрландыру үдерістерінің әсері өте аз тиетін саланың бір деп санаймыз. Сондықтан бұл бағытқа деген көзқарасты түбегейлі қайта қарау қажет. Ең алдымен, бұл мемлекеттік деңгейде, оның ішінде қаржыландыру тетіктерін жетілдіру арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Сонымен қатар сала қызметкерлеріне тиімді әлеуметтік-экономикалық қолдау шараларын енгізіп, материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін қалыптастыру маңызды.

Коммуналдық шаруашылық жүйесінің еңбеккерлері тұрақтылықты, қорғау мен құрметті сезінуі керек. Олардың еңбек жағдайы, табысы, денсаулығы мен болашағы лайықты деңгейде қамтамасыз етілуге тиіс. Басты міндет – сала қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыру. Олар жеңілдетілген жалға алу немесе ипотекалық бағдарламаларға қол жеткізуге тиіс. Денсаулықтары мен еңбек қауіпсіздігіне де ерекше назар аудару маңызды. Сонымен қатар әлеуметтік ынталандыру шараларын қарастырып, коммуналдық сала қызметін заңнамалық деңгейде стратегиялық маңызы зор, қоғамның қалыпты жұмыс істеуіне аса қажетті сала деп тану қажет.

Коммуналдық қызметкерлер – шаһарымыздың көзге көрінбейтін қаһармандары. Алайда олар өз еңбегін мемлекет пен қоғам көріп, бағалайтынын сезінуі қажет. Коммуналдық сала қызметкерлері мен олардың еңбегіне деген құрмет – қоғамның кемелдік деңгейін көрсететін маңызды өлшем әрі экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бастайтын маңызды қадам.

Қазақстанда Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл құжатта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесінде бар өзекті мәселелерді шешуге бағытталған көптеген маңызды міндеттер қамтылған. Атап айтқанда, коммуналдық секторды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету тәсілдерін қайта қарау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін ұлттық күнтізбеге енгізу, еңбекақыны кезең-кезеңімен арттыру жоспарын қабылдау көзделген. Бұл – бүгінгі таңда аса қажет және уақыт талабына сай шаралар.

«Тазалық жинаған жерде емес, қоқыс тастамайтын жерде» деген тәмсіл бар. Қаланың санитарлық тазалау жүйесін мінсіз ету – қолдан келетін іс. Алайда жұртшылықтың экологиялық пайымы мен жауапкершілігі қалыптаспаса, оның пайдасы шамалы. Таңертең мұнтаздай болып тазаланған көше мен аулаларда кешке қарай темекі тұқылдары, бөтелкелер мен пакеттер бырдай болып жатса, онда мәселе коммуналдық жүйеде емес, тұрғындардың өзінде.

**Сондықтан ең ерте жастан бастап балаларды басқаның еңбегін қадірлеуге, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, айналасын ластамауға үйрету қажет. Сондай-ақ мұндай ақпараттық науқанды ересектер арасында жүргізу де қажет-ақ. Жұртшылық жаһанның қалай ластанып бара жатқанын көріп, ойланып, ниетін өзгертуге тиіс.**

Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» мен «Таза Қазақстан» бастамаларының маңызы теңдесіз. Алайда мұндай жобалардың жекелеген бір күндік акциялар деңгейінде қалып қоймай, жүйелі сипат алып, нақты нәтижеге бағытталуы аса маңызды. Әсіресе, «Жұмысшы мамандықтар жылы» еңбек адамдарының беделін көтеріп, олардың өмір сапасын шын мәнінде жақсартуға бағытталған нақты шешімдер мен іс-шаралар қабылдануымен есте қалуға тиіс.



*Замир Сағынов,*
*«Астана Тазалық» ЖШС Бас директоры*





# Поднять престиж невидимых героев

В условиях урбанизации потребность в коммунальных работниках неуклонно растет. Это, пожалуй, одна из немногих сфер, на занятость в которой развитие технологий и цифровизация почти не имеют влияния. Поэтому необходимо пересмотреть отношение к ней, в первую очередь, на государственном уровне, в том числе в плане финансирования, внедрить эффективные социально-экономические меры поддержки работников, выстроить систему мотивации через материальные и нематериальные стимулы.

Люди, которые работают в системе коммунального хозяйства, должны ощущать стабильность, защищенность и уважение. Их условия труда, доход, здоровье и перспективы должны быть на соответствующем уровне.

Первоочередной задачей является улучшение благосостояния работников. Они должны иметь доступ к льготным арендным или ипотечным программам. Важно проявить особую заботу об их здоровье и безопасности. Необходимо предусмотреть социальные стимулы, на законодательном уровне признать работу коммунальщиков стратегически значимой и жизненно необходимой для функционирования общества.

Коммунальщики — это невидимые герои современных городов, но сами они должны ощущать, что государство и граждане видят и ценят их вклад в благоустройство. Уважение к работникам коммунальных служб и их труду — это признак зрелости общества и важный шаг к формированию экологической культуры.

В Казахстане реализуется Концепция развития жилищно-коммунальной инфраструктуры на 2023-2029 годы, в которую интегрированы многие важные вопросы, связанные с решением имеющихся в системе ЖКХ проблем. В том числе в ней заявлено, что будут пересмотрены подходы по обеспечению коммунального сектора трудовыми ресурсами, проработан вопрос включения профессиональных праздников работников ЖКХ в национальный календарь, принят план повышения заработных плат. Это действительно те меры, которые сегодня крайне необходимы.

Всем известна поговорка «Чисто не там, где убирают, а там, где не мусорят». Можно выстроить безупречно работающую систему санитарной очистки города, но, если не воспитывать в людях экологическое мышление и ответственность, толку не будет. Если убранные рано утром улицы и дворы каждый вечер вновь заполняются окурками, бутылками и пакетами, проблема не в системе коммунального хозяйства, а в жителях.

**Поэтому, начиная с самого раннего возраста, необходимо учить детей уважать чужой труд, ответственно относиться к окружающей среде и не мусорить. Нужны информационные кампании, ориентированные на взрослую аудиторию, чтобы люди видели масштаб проблемы загрязнения и меняли свое поведение.**

В связи с этим значимость реализуемых в стране инициатив Главы государства Год рабочих профессий и «Таза Қазақстан» сложно переоценить. Но очень важно, чтобы такие проекты не рассыпались на множество акций-однодневок, а приобретали системность и были ориентированы на конкретный результат. В частности, Год рабочих профессий должен ознаменоваться принятием решений и мер, которые поднимут престиж и качество жизни людей труда на практике.

*Замир Сагинов,*
*Генеральный директор ТОО «Астана Тазалық»*

# «Астана Тазалықтың» маңызды миссиясы

Қазіргі заманғы мегаполистерде, әсіресе ел астанасында тазалық пен экологиялық жайлылық мәселесі ерекше өзекті. Елорда көшелері мен даңғылдарын тап-түйнақтай етіп, алаңдары мен саябақтарын күтіп-баптауға бірден бір жауапты ұйым – «Астана тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бүгінде коммуналдық қызмет нарығында көшбасшылар қатарынан табылған кәсіпорын 2008 жылы құрылған.

Серіктестіктің құрылтайшысы – Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы. 2024 жылдың наурыз айынан бастап ұжымға Замир Садықұлы Сағынов жетекшілік етеді.



Шамамен 1300 адамнан тұратын ұжым елорданың негізгі магистральдық көшелері мен оларға іргелес тротуарлардың тазалығына жауап береді. Бұл – қаланың жалпы аумағының 40 пайызына жуық, яғни ұзындығы 370 шақырым болатын 200-ден астам көше. Қыста күн сайын 700 жол жұмысшысы мен 350 техника қаланы қар мен мұздан тазартады.

Кәсіпорынның қызмет аясына санитарлық тазалау (яғни көшелер мен алаңдарды механикаландырылған және қолмен жинау), сондай-ақ, су тасқынына қарсы шаралар (топырақ себу, су жайылатын аймақтарға қиыршық төсеу, қарды тұрғын аудандардан полигонға шығару) кіреді. Жұмыс барысында экологиялық қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлініп, жол жамылғысына және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін сертификатталған мұзға қарсы реагенттер қолданылады.

**Қазір компания трансформация кезеңін бастан өткеруде. Бұл өзгерістер өндірістік үдерістерді оңтайландыру мен цифрландыруды ғана емес, қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруды да қамтиды. Техника мен бригадалардың жұмысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін GPS-трекерлер мен арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілуде. Сонымен қатар, Clockster жүйесі арқылы жұмыс уақыты мен қызметкерлердің тәртібі қадағаланады.**

Жақын уақытта «Tazalike» электронды жол парағы жүйесі іске қосылмақ. Бұл жаңашылдық жүргізушілердің рейске шығуын QR-код арқылы тіркеуге мүмкіндік береді. 2025 жылғы маңызды жетістіктердің бірі – жүргізушілердің міндетті жұмыс алдындағы және кейінгі медициналық тексеруін қамтамасыз ететін Автоматтандырылған медициналық байқау жүйесі (АСМО) енгізілуі.

Кадрларды оқыту мен кәсіби дамытудың маңызы ерекше. Қызметкерлер үнемі біліктілігін арттырып, санитарлық тазалықтың жаңа әдістерін, заманауи талаптар мен стандарттарға сай тәсілдерді меңгеріп келеді. Бұл оқу бағдарламаларының мақсаты – мамандардың кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігін, құқықтық және қаржылық сауаттылығын, сондай-ақ, цифрлық және басқарушылық дағдыларын дамыту.

Кәсіпорын тұрғын үй мәселесін де назардан тыс қалдырмайды. Өндірістік база жанындағы жатақхана жөндеуден өткізіліп, қайта жоспарланған соң 80 төсек-орын және отбасылы қызметкерлерге арналған 10 пәтер қарастырылмақ. Сондай-ақ «Отбасы банкпен» бірлесіп, қызметкерлерге жеңілдетілген ипотекалық несие беру мүмкіндігі қаралуда.

Өкінішке қарай, қоғамда коммуналдық сала қызметкерлерінің еңбегі жиі бағалана бермейді. Алайда бұл көзқарасты өзгерту қажет. Коммуналдық қызмет өкілдеріне деген құрмет – қоғам өресінің биіктігін байқататын көрсеткіш әрі экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басты қадамы.

# Важная миссия ТОО «Астана Тазалық»

В современном мегаполисе, особенно в столице государства, вопросы чистоты и экологического благополучия стоят особенно остро. За комфортную городскую среду Астаны, ухоженные площади и парки, чистые улицы и проспекты отвечает один из ключевых игроков на рынке коммунальных услуг – ТОО «Астана Тазалық», созданное в 2008 году.

Учредителем ТОО является Управление коммунального хозяйства города Астаны. В марте 2024 года коллектив возглавил Замир Садыкович Сагинов.



На предприятии работает более 2000 человек. Предприятие обслуживает основные магистральные улицы города и прилегающим к ним тротуары – всего около 40% территории Астаны. Это более 200 улиц протяженностью 370 км. Зимой на очистку город ежедневно выходят 700 дорожных рабочих ТОО и 350 единиц техники.

Функции ТОО «Астана Тазалық» включают в себя санитарную очистку – это механизированная и ручная уборка улиц, площадей и других общественно-значимых мест, и противопаводковые мероприятия - подвозка и подсыпка дресвой подтопляемых участков, вывоз снега с жилых массивов на снежный полигон. В заботе об экологии применяются безопасные сертифицированные противогололедные реагенты, щадящие как покрытие дорог, так и окружающую среду.

**В настоящее время компания переживает этап трансформации, который касается не только оптимизации и цифровизации производственных процессов, но и повышения уровня компетенции сотрудников. Внедряется автоматизация и GPS-контроль для мониторинга работы техники и бригад в режиме реального времени с помощью GPS-трекеров и специализированного программного обеспечения. Популярная система Clockster позволяет вести учёт рабочего времени и контроль сотрудников.**

На финишной прямой внедрение системы электронного путевого листа «Tazalike», когда выход водителей в рейс осуществляется посредством QR-кода. В числе ключевых достижений за 2025 год можно назвать и внедрение Автоматизированной системы медицинского осмотра (АСМО) для проведения обязательного предсменного и послесменного медосвидетельствования водителей.

Важное значение имеет обучение персонала: сотрудники регулярно повышают свою квалификацию и обучаются новым методам санитарной очистки с учётом современных требований и стандартов. Целью множества обучающих мероприятий является повышение профессиональных и коммуникативных компетенций, правовой и финансовой грамотности, развитие цифровых и управленческих навыков сотрудников.

Решается жилищный вопрос. Рядом с производственной базой находится общежитие, после ремонта и перепланировки в нем планируется обустройство 80 койко-мест и 10 квартир для семейных сотрудников. Также совместно с АО "Отбасы банком" рассматривается возможность льготных ипотечных займов.

К большому сожалению, в глазах общества труд работников коммунальной сферы остается непрестижным, отсюда и пренебрежительное отношение к их очень трудной и невероятно важной работе. Это отношение нужно менять. Уважение к работникам коммунальных служб и их труду — это признак зрелости общества и важный шаг к формированию экологической культуры.



# Өндірістік-техникалық бөлім - кәсіпорынның негізі

Өндірістік-техникалық бөлім (ӨТБ) – бұл «Астана Тазалық» ЖШС құрылымындағы бөлімше, мұнда 15 қызметкер жұмыс істейді: бөлім меңгерушісі, екі инженер, үш бас маман, алты санитарлық учаске маманы және екі оперативтік жүйе диспетчері.

Өндірістік-техникалық бөлімнің негізгі миссиясы – барлық технологиялық үдерістерді жоспарлау, үйлестіру және бақылау арқылы кәсіпорынның тиімді өндірістік қызметін қамтамасыз ету. Сондай-ақ бөлім қажетті техникалық және атқарушылық құжаттаманы уақтылы әзірлеуді жүзеге асырады. ӨТБ жобаның әртүрлі қатысушыларының жұмысын үйлестіріп, технологиялық нормалар мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді, орындалатын жұмыстардың сапасы мен мерзімінде аяқталуына жауап береді, сонымен қатар, жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгізумен айналысады.

– ӨТБ-ні бекерден-бекер кәсіпорынның жүрегі деп атамайды, – дейді бөлім басшысы Ержан Пашанов. – Біздің жұмыс көпшіліктің көзіне көрінбейді, күнделікті қалыпты еңбек. Бірақ дәл осы жұмыстың арқасында бүкіл ұйымның қызметі дұрыс жолға қойылады. «Астана тазалықта» ең бастысы – бірлік пен командалық рух.

Ержан Айтмаханұлы бұл лауазымға 2024 жылдың сәуір айында тағайындалған. Кәсіпорында ол 2019 жылы маусымдық бригадир болып жұмысын бастаған, ал 2021 жылы ӨТБ-ге бас маман ретінде ауысқан.

**– Біздің мамандыққа арнайы оқытатын оқу орны жоқ. Сондықтан көп адам коммуналдық салаға барғысы келмейді. Беделі төмен жұмыс деп саналады. Бірақ бұл саланың маңызы кез келген саладан төмен емес, – дейді ол.**

Өндірістік-техникалық бөлімде өз ісіне адал мамандар еңбек етеді. «Астана Тазалық» ЖШС құрылғаннан бері бөлімде инженерлер Ирина Гарольдовна Вовк пен Сандуғаш Бағдатқызы Қалжанова, сондай-ақ диспетчер Жайсан Нұралықызы Кенжебекова жұмыс істеп келеді. Ирина Гарольдовна зейнетке шыққанымен, жас мамандарға тәжірибесін үйрету үшін қалды.

Бөлімде өз ісіне берілген тәжірибелі мамандар жеткілікті. Мысалы, инженерлер Ирина Гарольдовна Вовк пен Сандуғаш Бағдатқызы Қалжанова осы салада көп жылдан бері еңбек етіп келеді. Ирина Гарольдовна жуырда зейнетке шыққанымен, «Жас мамандарға тәжірибеңізді үйретіңіз» деген өтінішті ескеріп, жұмысын әрі қарай жалғастырды.

Бөлімнің ең маңызды әрі күрделі міндеттері – ұйымның бюджетін жоспарлау, жасалған келісімшарттар бойынша бөлінген қаражатты игерудің жылдық жоспарын құрастыру жұмысы инженерлерге жүктелген. Сонымен қатар ӨТБ қызметкерлері тапсырыс берушілер өткізетін конкурстардың техникалық сипаттамаларын және біліктілік талаптарын қарастырады, бастапқы құжаттаманы өңдеп, техниканың күнделікті шығуы мен машина-сағат есебінің тізілімдерін қалыптастырады.

Бөлімнің басты жетістіктерінің бірі ретінде Ержан Пашанов жол жұмысшыларына арналған шағын механизация құралдарының сатып алынуын атап өтеді. Соның арқасында бұған дейін қолмен орындалатын жұмыстардың 70 пайыздан астамы аутсорсингке беріліп, еңбек шығыны айтарлықтай азайтылған.

ӨТБ-ге орындалған жұмыстар туралы мәлімет тәулік бойы түсіп отырады. Әкімдіктердің талаптары әртүрлі, ал ірі іс-шаралар кезінде коммуналдық қызметкерлер күшейтілген режимде жұмыс істеуге мәжбүр. Техника жетпей қалған жағдайда қосымша жеткізушілер тартылады.

ӨТБ диспетчерлері тәулік бойы iKomek 109 қызметімен байланыста болып, барлық өтінімдер мен шағымдарды жедел өңдейді. Қала тұрғындары коммуналдық қызметтің қалай жұмыс істейтінін білуі керек. Өйткені біз елорда тазалығы мен тәртібін қамтамасыз ету үшін бар күшімізді салып еңбек етіп жүрміз.



# ПТО - сердце предприятия

Производственно-технический отдел (ПТО) – это структурное подразделение ТОО «Астана Тазалық», в котором работают 15 сотрудников: руководитель, два инженера, три главных специалиста, шесть специалистов санитарного участка и два диспетчера оперативной системы.Миссия производственно-технического отдела заключается в обеспечении эффективной производственной деятельности предприятия путем планирования, координации и контроля всех технологических процессов, а также своевременной подготовки необходимой технической и исполнительной документации. Отдел координирует работу между различными участниками проекта, обеспечивает соблюдение технологических норм и стандартов, а также отвечает за качество и своевременность выполнения работ, внедрение новых технологий и оборудования.

- ПТО еще называют сердцем предприятия, - рассказывает руководитель отдела

Ержан Пашанов. - Нашу работу, по сути, не видно, ежедневная рутина. Но от нее зависит функционирование всей организации. В ТОО «Астана Тазалық» вообще очень важна слаженность, командный дух.

Ержан Айтмаханович на этой должности с апреля 2024 года. Устроился на предприятие в 2019-м, сезонным бригадиром, в 2021-м перешел главным специалистом в ПТО.

**- Нашему делу нигде не учат, и многие не хотят идти в коммунальщики, это не считается престижной работой, хотя она не менее важна, чем остальные, - говорит он.**

В производственно-техническом отделе трудятся преданные своему делу люди. Среди них инженеры Ирина Гарольдовна Вовк и Сандугаш Багдатовна Калжанова, работающие здесь с первых дней основания ТОО «Астана Тазалық». Ирина Гарольдовна недавно вышла на пенсию, но по просьбе руководства осталась, чтобы передать опыт молодым специалистам. С самого основания предприятия в отделе работает и диспетчер Жайсан Нуралиевна Кенжебекова.

Есть в отделе и преданные этому делу люди, вроде инженеров Ирины Гарольдовны Вовк и Сандугаш Багдатовны Калжановой, которые работают здесь уже много лет. Ирина Гарольдовна недавно вышла на пенсию, но ее попросили остаться, чтобы передать свой опыт молодым специалистам.

На инженерах самая важная и сложная миссия отдела - планирование бюджета организации и составление годового плана освоения выделенных средств по заключенным договорам. Также в функционале ПТО - рассмотрение технической спецификации и квалификационных требований конкурсов, проводимых заказчиками, обработка первичной документации и формирование реестров ежедневного выхода техники и учета машино/часов.

В качестве ключевых достижений руководитель называет приобретение оборудования малой механизации для дорожных рабочих, благодаря которому более 70% задач, ранее выполняемых вручную, были переданы на аутсорсинг. Это позволило существенно сократить расходы на рабочую силу.

Информация о проводимых объемах работ стекается в ПТО круглосуточно. Требования у акиматов бывают разные, при проведении крупных мероприятий коммунальщикам приходится переходить на усиленный режим работы. А так как техники не всегда хватает, нанимаются поставщики.

Диспетчеры ПТО круглосуточно на связи со службой iKomek 109, оперативно отрабатывают все заявки и обращения.



# Маман да, техника да маңызды

«Астана Тазалық» ЖШС-ның бас инженері Максен Құсатаевтың пікірінше, техникаға деген жауапкершілік пен адамға деген қамқорлықты бөліп қарауға болмайды. Екеуі де маңызды, әрі екеуі де үнемі назарда болуды қажет етеді.

– Біздің балансымызда Ресейде жасалған «КамАЗ» маркалы көліктер аз емес. Машиналар жақсы, бірақ, өкінішке қарай, жиі істен шығып, тұрақты жөндеуді қажет етеді. Барлық жұмыстың шамамен 40 пайызын өз күшімізбен атқарамыз, қалғанын мердігер ұйымдарға тапсырамыз, – дейді Максен Серікғалиұлы. – Мұндай тәсілдің басты артықшылығы – мердігерлер өз жұмысына кепілдік береді.

Жөндеу жұмыстарының бір бөлігін аутсорсингке беру кәсіпорынға техниканы сапалы күтіп ұстауға әрі шығындарды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

– Бұрын қосалқы бөлшектер қоймасында шамамен бір миллиард теңге көлемінде қор жиналып қалатын. Тіпті кейде пайдаланудан шыққан машиналардың да бөлшектері сақталып жүрді. Қазір біз тек қажет сәтте керек дүниені





ғана сатып аламыз. Бұл – қаржыны үнемдеудің тиімді жолы, – дейді бас инженер.

Максен Серікғалиевиұлының жұмыс кабинеті – тек техникалық мәселелер шешілетін орын емес. Мұнда күн сайын жиырмаға жуық қызметкер – жүргізушілер, механиктер, мамандар өз шаруасымен немесе кейде жеке мәселесімен кіріп шығады.

– Әркімге қолдан келгенше көмектесуге тырысамыз. Егер жүргізушінің үйінде қиындық болса, ол жұмысқа қандай көңіл-күймен келеді? Ал адамның көңіл күйіне техниканың да, қаланың тазалығының да сапасы тікелей байланысты, – дейді инженер.

Ұжымда тәртіпке, техникаға ұқыпты қарауға және кәсіби дамуға ерекше мән беріледі. Түсіндіру, нұсқаулық, әңгіме түріндегі кездесулер жиі өткізіледі. Максен Құсатаев басқаратын бөлім, сонымен қатар, жаңа техника сатып алу ісіне де жауапты. Мұндағы мамандар ескі көліктерді жөндеудің тиімділігін сараптап, өндірушілердің ұсыныстарын зерттеп, заманауи шешімдерді талдайды.

– Біз әрдайым ең озық, ең сапалысын алуға тырысамыз. Біздің мамандар жеткізушілермен, инженерлермен кездесіп, жаңа модельдермен танысып, техникалық сипаттамаларын мұқият зерделейді, – дейді ол.

Соңғы жылдары «Астана Тазалықтың» автопаркі айтарлықтай жаңарды. Солардың қатарында «Volvo ESM 3000» сияқты заманауи коммуналдық кешендер бар. Бұл сыпыру-жинау техникасы қоқысты жоғары тиімділікпен жинап, қаланың тазалығын сақтауға мүмкіндік береді. Қыста жолдарды қар мен мұздан тазартады, ал жазда жапырақ, шаң-тозаң мен қоқысты жинап, су себу-жуу қызметін де атқарады.

Алайда қазіргі заманғы техниканың өзі де бір маңызды мәселені шеше алмай отыр. Ол – білікті кадрдың тапшылығы.

– Бұл – тек коммуналдық сала емес, жалпы Қазақстан экономикасының ортақ мәселесі. Қазір елде жақсы жабдықталған кәсіптік колледждер бар, бірақ жастардың ондай оқу орындарына баруға құлшынысы төмен. Жұмысшы мамандықтарының әлі де беделі жоқ. Ал жақсы механик, дәнекерлеуші немесе слесарь болмаса, кез келген техника тоқтап қалады, – дейді бас инженер. – Мен әрқашан өз қызметкерлеріме айтып отырамын: бәрін білу міндет емес. Ең бастысы – өз ісіңнің кәсіби шебері болу. Сонда сенің еңбегің әрдайым бағаланады.



# Техника и люди — одно целое

Главный инженер ТОО «Астана Тазалық» Максен Кусатаев убеждён: в его работе невозможно разделить внимание к технике и заботу о людях – оба направления одинаково важны и требуют постоянного участия.

— У нас на балансе немало КамАЗов российского производства. Машины хорошие, но, к сожалению, часто ломаются, требуют регулярного ремонта. Около сорока процентов всех работ мы выполняем своими силами, остальное передаём подрядным организациям, — рассказывает Максен Серикгалиевич. — Главное преимущество такого подхода в том, что подрядчики несут гарантийные обязательства.

Передача части ремонтных работ на аутсорсинг позволила предприятию не только повысить качество обслуживания техники, но и значительно оптимизировать затраты.



— Раньше на складах запасных частей у нас лежал почти миллиард тенге, и среди этого объёма были даже детали для машин, которых уже нет в эксплуатации. Теперь же мы закупаем только то, что нужно здесь и сейчас. Это огромная экономия средств, — подчёркивает главный инженер.

Рабочий кабинет Максена Серикгалиевича — это не просто место, где решаются технические вопросы. Ежедневно сюда заходят до двух десятков сотрудников — водители, механики, специалисты — со своими задачами, а порой и личными проблемами.

— Стараемся помочь каждому. Если у водителя неприятности, пусть даже домашние, с каким настроением он выйдет на линию? А ведь от состояния человека зависит и состояние техники, и качество уборки города, — говорит инженер.

В коллективе большое внимание уделяется вопросам дисциплины, бережного отношения к технике и профессионального роста. Проводятся беседы, инструктажи, разъяснения. Отдел под руководством Максена Кусатаева также курирует вопросы закупа новой техники. Специалисты оценивают целесообразность ремонта старых машин, анализируют предложения производителей, изучают современные решения.

— Мы всегда стремимся брать самое лучшее и передовое. Наши специалисты встречаются с поставщиками, инженерами, знакомятся с новыми моделями, изучают технические характеристики, — отмечает он.

За последние годы автопарк ТОО «Астана Тазалық» значительно обновился. Среди новых машин — современные коммунальные комплексы, такие как Volvo ESM 3000. Эта подметально-уборочная техника оснащена эффективной системой сбора мусора, обеспечивающей высокий уровень чистоты улиц. Зимой она очищает дороги от снега и льда, а летом – от листвы, пыли и мусора, выполняя также функции поливомоечной машины.

Но даже при наличии современной техники, говорит Максен Серикгалиевич, остаётся одна серьёзная проблема – нехватка квалифицированных кадров.

— Это, пожалуй, общая беда не только коммунальной отрасли, но и всей экономики Казахстана. Сегодня в стране хорошо оснащённые профтехучилища, но молодёжь туда не идёт. Рабочие профессии всё ещё считаются непрестижными. А ведь без хорошего механика, сварщика или слесаря любая техника встанет, — рассуждает главный инженер. – Я всегда говорю своим сотрудникам: не нужно знать всё. Главное — быть профессионалом в своём деле, и тогда ты всегда будешь .

# Заманауи техника - майталман маман қолында

**«Астана Тазалық» компаниясының гараждық-техникалық қызмет бөлімінде(ГТҚ) механик, жүргізуші, слесарь, дәнекерлеуші сияқты 40 адам жұмыс істейді. Барлығы да майталман, техника тілін жетік меңгерген мамандар. Олардың басты міндеті – автопарктегі техниканы жоспарлы және жедел жөндеуден өткізу, оның кідіріссіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.**

Бөлімнің жөндеу жөніндегі механигі Мирас Еламановтың айтуынша, мұндағы әр қызметкер кәсіпорынның жұмыс ерекшелігін де, әр машинаның құрылымын да жақсы біледі. Жоспарлы жөндеу жұмыстары маусымдық ерекшеліктерге қарай жүргізіледі. Көктемгі, жазғы, қысқы кезеңдерге сай техниканы алдын ала дайындау басты назарда. Бұл мақсатта Ақжол көшесіндегі техникалық база аумағында электр, дәнекерлеу, токарлық және бояу цехтары жұмыс істейді.

– Кейде өз күшімізбен жасай алмайтын күрделі жөндеу түрлері болады. Мұндай жағдайда бірнеше жылдан бері сенімді серіктесімізге айналған Ақмола КамАЗ автоорталығымен келісімшарт негізінде жұмыс істейміз, – дейді Мирас Абайұлы.

Гараждық-техникалық қызметтің құрамында тәулік бойы сақалай-сай тұратын жылжымалы техникалық көмек көлігі бар. Ол кез келген уақытта жолда тоқтап қалған машиналарға шұғыл көмек көрсетуге шығады. Әсіресе қыста мұндай жағдай жиі болады. Астананың қақаған қысында тәулік бойы жұмыс істейтін техника қаншалықты жаңа, сапалы болса да, сыр беруі әбден мүмкін.

– Техника тоқтаусыз істейді. Қанша мықты болса да, темір тозады ғой, – дейді механик.

Мирас Еламановтың «Астана Тазалық» компаниясында еңбек еткеніне бес жыл болды. Соңғы екі жылда гараждық-техникалық қызметте жұмыс істейді. Бұған дейін ол қолмен тазалау бригадасының шебері болып, таңсәріден, сағат 6-дан бастап қала көшелерін тазалауға шығатын. Жұмысы қазір де оңай емес. Кейде түн ортасында базаға тез барып, жөндеуге қажетті бөлшектерді беруге тура келеді. Қашанда жұмысын беріліп істейді. Себебі басшылықтың қолдауы мен техникалық базаның жаңарып отыруы еңбекке шабыт береді. Биылдың өзінде кәсіпорын автопаркі төрт түрлі жаңа коммуналдық техникамен толықты.

Мекемедегі беткеұстар техниканың бірі – КО-806, КО-829 сыпыру машинасы. Бұл – қала көшелерін тазалауға арналған арнайы коммуналдық техника. Қыста қар тазалау, көктайғақтың алдын алып, көктайғаққа қарсы қоспа, мұзды қыру жұмыстарына қолданылады. Жазда көшелерді сыпырып, қоқысты жинайды, жасыл желектерді суарады. Машинаның қысқы дайындығында гидравликалық жүйелердің дұрыстығына, су жүйесі мен сорғылардың жағдайына, щетка механизмдері мен басқару жүйелерінің жарамдылығына ерекше көңіл бөлінеді.

Жоғары маневрлік қабілеті, шаңды тиімді сүзу жүйесі, ылғалды және құрғақ тазалау мүмкіндігі мол сыпыру машинасының тағы бірі – Volvo ESM 3000. Қала аумағын, саябақтар мен көгалдарды, коммуналдық нысандарды күтіп ұстауда толық жетекті «Ventrac 4500» тракторы кеңінен қолданылады. Қыста ол қар күрейтін қалақтармен, роторлы қар тазалағыштармен және щеткалармен жабдықталады. Сондай-ақ көктайғақтың алдын алу үшін жолға арнайы қоспалар себуге пайдаланылады. Ал жаз мезгілінде трактордың басты қызметі – көгалдарға күтім жасау, шөп шабу және аумақты тазалау.

Кәсіпорын автопаркінде орташа класқа жататын әмбебап тракторы МТЗ-82.1, сондай-ақ, мамандандырылған ГС-14.02 коммуналдық техникасы, жолды тегістеу, жоспарлау мен профильдеуге арналған автогрейдерлік әмбебап коммуналдық машина да бар. Сонымен қатар қала тазалығында «Foton Lovol TB604» және «TD 904» тракторлары, «SDLG LG953» фронтальды тиегіші, сондай-ақ, құм, қиыршық тас, топырақ және өзге де материалдарды тасымалдауға арналған самосвалдар да кеңінен қолданылады.

Дәл осы бөлім мамандарының озық техниканы сапалы күтіп-баптаған үйлесімді жұмысы мен өз ісіне деген жауапкершілігі «Астана Тазалықтың» беделін арттырып, елорданың жайлылығын арттыруға үлес қосып келеді.





# С техникой - на «ты»!



**Гаражно-техническая служба (ГТС) ТОО «Астана Тазалық» состоит из 40 человек – это механики, водители, слесари, сварщики, основная задача которых заключается в плановом и экстренном ремонте имеющейся техники. Как рассказывает механик по ремонту Мирас Еламанов, это специалисты, проверенные временем, хорошо знающие и специфику работы предприятия, и саму технику.**



Плановый ремонт нацелен на своевременную подготовку машин к определенному времени года. Для проведения ремонтных работ на базе ТОО по улице Акжол имеются все виды цехов - электрический, сварочный, токарный, покрасочный.

- Бывает, что какие-то работы не удается провести самостоятельно. Поэтому уже не первый год мы заключаем договор с Акмолинским автоцентром КамАЗ, который также обслуживает нашу технику, - говорит Мирас Абаевич.

Для экстренных случаев в Гаражно-техническом службе (ГТС) есть машина технической помощи. В любое время дня и ночи рабочие могут выехать на место, где встала та или иная машина, и устранить неполадки. А это случается нередко, особенно зимой. В суровых климатических условиях Астаны и с учетом круглосуточной загрузки даже самая современная техника с гарантией может выйти из строя.

- Загрузка постоянная. К тому же любое «железо» имеет свойство ломаться, - делится механик.

Сам он работает в ТОО уже пятый год, из них два года – непосредственно в гаражно-технической службе. До этого был мастером по ручной уборке, и вместе со всеми ежедневно с шести утра наводил чистоту и порядок в городе. Бывают, конечно, и сейчас непредвиденные обстоятельства, и механику приходится среди ночи мчатся на базу, чтобы выдать необходимую для ремонта запчасть.

Но в целом работу свою Мирас Абаевич любит. Радуется, что благодаря руководству автопарк регулярно обновляется. Только в этом году коммунальщики получили на вооружение четыре вида новой техники.

Особая гордость предприятия – подметальная машина КО-806, КО-829. Это специализированное коммунальное оборудование, предназначенное для уборки улиц. Зимой используется преимущественно для уборки снега, посыпки противогололедными материалами и очистки проезжей части от наледи, а летом метет улицы, также поливает зеленые насаждения. Особое внимание в ее эксплуатации уделяется проверке и подготовке гидравлики для обеспечения бесперебойной работы при низких температурах, состоянию водяной системы и насосов, исправности щеточного механизма и системы управления.

Высокая маневренность, эффективная система фильтрации пыли, возможность влажной и сухой уборки – такими преимуществами обладает еще одна подметально-уборочная машина на вооружении «Астана Тазалық» Volvo ESM 3000. Широко используется для обслуживания городских территорий, парков, газонов и коммунальных объектов полноприводный трактор Ventrac 4500. Зимой он оснащается навесным оборудованием для уборки снега — снегоочистительными отвалами, роторными снегоочистителями, щетками. Используется для посыпки противогололедных материалов. Летом его основное назначение - уход за зелеными насаждениями, покос травы, уборка территории.

Есть в автопарке предприятия универсальный трактор среднего класса МТЗ-82.1, специализированная коммунальная машина ГС-14.02, автогрейдера, предназначенные для планировки, выравнивания и профилирования дорожных оснований. Универсальная коммунальная машина используется в городских условиях благодаря своей маневренности и надежности. Тракторы Foton Lovol TB604 и TD 904, фронтальный погрузчик SDLG LG953, а также самосвалы для перевозки песка, щебня, грунта и других материалов.

# Қауіпсіздік - басты құндылық

Еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар бөліміне жүктелген басты міндеттер – қауіпсіз әрі салауатты еңбек ортасын қалыптастыру, өндірістік жарақат пен кәсіби ауруларды азайту, еңбек қауіпсіздігі саласындағы заң талаптарын қатаң сақтау және қызметкерлердің құқықтарын қорғау. Бұл бөлімде жетекші Ербол Нұржанұлы Қыдрашев және төрт инженер еңбек етеді.

**2025 жылғы маңызды жетістіктердің бірі – жүргізушілерге арналған міндетті ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерістерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін Автоматтандырылған медициналық байқау жүйесінің (АМБЖ) сатып алынып, енгізілуі.**



– Видеокамера алдымен жүргізушінің тұлғасын анықтайды, содан кейін оның қан қысымы мен дене температурасы автоматты түрде өлшенеді. Арнайы пупиллометр аппараты көз қарашығы арқылы шаршау деңгейін немесе есірткі әсерін анықтайды. Бұдан кейін жүргізуші алкотестерді үрлеп, соның қорытындысымен медқызметкерге барады, – дейді Ербол Нұржанұлы.

Медициналық қызметкерге тек қызметкерді визуалды тексеріп, рұқсат беру қалады. Бұл жүйе үдерісті жылдамдатып, адами фактор әсерін азайтуға мүмкіндік береді. АМБЖ жаздың басынан бастап пилоттық режимде енгізіліп, жүргізушілер оны тиімді жаңалық ретінде қабылдап үлгерген.

Негізгі назар жолда еңбек ететін жүргізушілер мен жұмысшылардың қауіпсіздігіне аударылады. Оларға үнемі нұсқау беріліп, жол бөлігіне қажетті белгілерсіз немесе арнайы киімсіз шығудың қауіптілігі түсіндіріледі. Әрбір жол жұмысшысына көзге жақсы көрінетін шағылыстырғыш жолақтары бар ашық-сары түсті ескерту жилеттері беріледі.

Компанияда жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіз жұмыс тәсілдерін үйрету бағытында тұрақты профилактикалық шаралар өткізіліп тұрады.

– Статистикаға сүйенсек, жол-көлік оқиғаларының барлығы екі себептен болады: не жүргізуші бірдеңені көрмеген, не білмеген. Сондықтан біз, біріншіден, барлық қызметкерлерді жарқын арнайы киіммен қамтамасыз етеміз, екіншіден, оқытамыз, – дейді Ербол Қыдрашев.

Кәсіпорындағы тағы бір заманауи жаңалық – көліктерге орнатылған жүргізушінің шаршауын бақылау жүйесі. Ол кабинаның ішіндегі барлық бұзушылықтарды тіркейді: жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, жолдан алаңдаса немесе ұйықтап кетсе, жүйе бірден реакция білдіреді. Мұндай жүйе жетекші мұнай-газ компаниясы «Тенгизшевройлда» бұрыннан табысты қолданылып келеді, ал Ербол Нұржанович сол компанияда еңбек еткенін айтады.

Жалпы, бөлімнің басты функциясы – еңбек үдерісінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін ұйымдық, техникалық, технологиялық және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтап, олардың алдын алу жолдарын ұсыну. Сол мақсатта өндірістік жабдықтар мен технологиялық процестер кезең-кезеңімен қауіпсіз нұсқаларға көшірілуде. Маңызды бағыттардың бірі – механикаландырылған және қол еңбегін нақты ажырату, соның ішінде қол еңбегін барынша азайту.

– Еңбек мәдениетін көтеру қажет. Бұл – қызметкердің кәсібилігін, жұмыс үдерісін ұтымды ұйымдастыруды, озық технологияларды қолдануды, қауіпсіздік нормаларын сақтауды және ұжымдағы жайлы атмосфераны қамтитын кешенді ұғым, – деп түйіндеді еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Ербол Қыдрашев.



# Безопасность превыше всего

Создание безопасной и здоровой рабочей среды, минимизация производственного травматизма и профессиональных заболеваний, обеспечение соблюдения требований законодательства в области охраны труда и в защите работников – задачи, стоящие перед отделом охраны труда, техники безопасности и чрезвычайных ситуаций ТОО «Астана Тазалык». Помимо руководителя Ербола Нуржановича Кидрашева в нем трудятся еще четыре инженера.

**В числе ключевых достижений за 2025 год сотрудники отдела особо отмечают закуп и внедрение Автоматизированной системы медицинского осмотра (АСМО) для проведения обязательного предсменного и послесменного медосвидетельствования водителей.**



- Видеокамера идентифицирует личность водителя, затем автоматически измеряется его давление и температура тела. Специальный аппарат пупиллометр по зрачкам глаз определяет усталость или наркотическое опьянение. Помимо этого, водитель дует в алкотестер, и далее уже с выданным аппаратом чеком идет к медикам, - объясняет алгоритм Ербол Нуржанович.

Медицинскому работнику остается лишь визуально осмотреть сотрудника и выдать допуск. АСМО позволяет ускорить и автоматизировать этот процесс, минимизировать человеческий фактор и связанные с ним риски. Система внедрена с начала лета в пилотном режиме. И водители уже начали привыкать к этому полезному нововведению.

Основное внимание – водителям и дорожным рабочим, которые подвержены наибольшим рискам. С ними проводится инструктаж, объясняющий опасность нахождения на проезжей части без нужной организации - установки опознавательных знаков, облачения в спецодежду. Стоит отметить, что каждому дорожному рабочему выдаются сигнальные жилеты ярко-желтого цвета с отражающими полосами, чтобы их хорошо было видно на дороге.

В компании регулярно проводят профилактические мероприятия, направленные на предотвращение несчастных случаев, и обучение безопасным приемам работ для снижения травматизма работников.

- По статистике, все ДТП происходят по двум причинам: водители говорят, что они либо не видели чего-то, либо не знали. Поэтому мы, во-первых, обеспечиваем всех яркой спецодеждой, а во-вторых, обучаем, - говорит Ербол Кидрашев.

Еще одно передовое нововведение, используемое на предприятии, это система контроля усталости, установленная в транспортных средствах. Она фиксирует и реагирует на все нарушения в кабине водителя: если он не одел ремень безопасности, отвлекается от дороги, например, на телефон или не дай бог засыпает. Как признается Ербол Нуржанович, такую систему уже много лет успешно применяют в ведущей нефтегазовой компании «Тенгизшевройл», где он ранее работал. А она ушла далеко вперед в подходах к безопасности.

В целом, функции отдела заключаются в обеспечении организационных, технических, технологических, санитарно-гигиенических норм и правил, направленных на сохранение жизни и здоровья работников в процессе их трудовой деятельности, а также выявление опасных и вредных производственных факторов на рабочих местах. Сотрудники отдела готовят предложения по предотвращению любых рисков путем профилактики и перевода производственного оборудования и технологических процессов на более безопасные. Важный момент – четкое разделение механизированной и ручной уборки, причем последнюю со временем стараются всячески сокращать.

- Необходимо повышать культуру труда — это комплекс качеств работника и условий его труда, который включает в себя профессионализм, рациональную организацию рабочего процесса, использование передовых технологий, а также соблюдение норм безопасности и поддержание благоприятной рабочей атмосферы, - резюмирует руководитель отдела ОТ, ТБ и ЧС.

# Кәсіпорынның сенімді қалқаны

«Астана тазалықтың» мүлкін ұрлықтан, вандализмнен көздің қарашығындай қорғау, қызметкерлер мен серіктестер тарапынан туындауы мүмкін алаяқтықтың алдын алу – кәсіпорынның Қауіпсіздік қызметінің негізгі міндеті. Бұл бөлім, сондай-ақ, құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Мекеме аумағында немесе оның қызметкерлеріне қатысты құқық бұзушылықтар тіркелген жағдайда, олар тергеу ісіне қатысып, компанияның мүддесін заң шеңберінде қорғайды.

Қазір Қауіпсіздік қызметінің құрамында бес адам жұмыс істейді. Олардың барлығы – бұрын құқық қорғау органдарында еңбек еткен тәжірибелі мамандар. Мұндай үлкен кәсіпорын үшін бұл, әрине, жеткіліксіз, келешекте бөлімді кеңейту жоспарда бар. Қызметтің ерекшелігі мен құпиялылығына сай жұмыс бағытын ақтарып айта алмаймыз. Дегенмен, бөлім басшысы Нұржан Иманғалиев қызметтің кейбір қырларына тоқталды.

Оның айтуынша, соңғы уақытта кәсіпорында тіркелген екі ұрлық дерегі сотқа дейін жеткен. Бұл фактілерді Қауіпсіздік қызметі өз күшімен анықтап, материалдарды Экономикалық тергеу департаментіне жолдаған. Кінәлі қызметкерлер еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылған.

**– Мұнда жұмыс істеп жатқаныма небәрі бір жыл болды. Соған қарамастан, ұрлық деректері 70–80 пайызға азайды деп сеніммен айта аламын, – дейді Нұржан Байдыкенұлы. – Бұған қызметтік көліктерге GPS құрылғылары мен жанармайды бақылау датчиктерінің орнатылуы үлкен әсер етті. Себебі көбіне ұры-қары жанармайды, қосалқы бөлшектер мен дөңгелектерді, аккумуляторларды көздейді.**

Бөлім басшысы құқық қорғау органдарындағы ұзақ жылғы қызметінен кейін зейнетке шығып, біраз уақыт Алматы халықаралық әуежайының қауіпсіздік қызметінде жұмыс істеген. Сондықтан коммуналдық саладағы ерекшеліктерге де тез бейімделіп, қызметті жүйелі жолға қойған. Нұржан Иманғалиев әдіс-тәсілдер туралы ашылып айта қоймайды. «Бастысы – нәтиже», – дейді ол. Қызметкерлер күдік тудыратын тұстарды мұқият тексеріп, қажет болған жағдайда жоспардан тыс тексеру де жүргізеді.

Қауіпсіздік қызметінің жұмысына ішкі тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, еңбек және өндірістік тәртіпті бақылау, жұмыс кестесінің орындалуын қамтамасыз ету сияқты бағыттар да кіреді. Сонымен қатар материалдық жауапкершілігі бар қызметкерлер жұмысқа қабылданбас бұрын міндетті түрде Қауіпсіздік қызметі арқылы тексеруден өтеді.

Профилактикалық жұмыстар көбінесе басшылық құраммен пысықталады. Заңсыз әрекеттердің салдары қандай болатыны ұжымдық жиналыстар кезінде де ішкі істер органдары, прокуратура, ҰҚК мен әкімдік өкілдерінің қатысуымен қызметкерлерге түсіндіріледі.

Қызметкерлердің құқықтық сауатын арттыру мақсатында жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша семинарлар ұйымдастырылады. Көлікті мас күйінде жүргізу, жол қозғалысы ережелерін бұзу сияқты әрекеттермен күрес те – Қауіпсіздік қызметінің маңызды бағыты.

– Ішкі ережелер бойынша басқа бұзушылықтар үшін алдымен ескерту, одан кейін сөгіс, сосын қатаң сөгіс берілсе, жұмыс орнына мас күйінде келгендерге – талап қатал. Ондай адам бірден жұмыстан шығарылады, – дейді Нұржан Байдыкенұлы. – Жол-көлік оқиғасы болса, дереу жетіп, жағдайды анықтаймыз. Кімнің кінәлі екенін, көлік базадан шығарда техникалық тұрғыдан жарамды болған-болмағанын тексереміз. Полицейлермен бірлесе тергеу жүргіземіз. Әрине ең алдымен өз қызметкеріміздің құқығын қорғауға тырысамыз. Өйткені көбіне апаттың себепшісі – жолда жұмыс істеп жатқан арнайы техниканы айналып өтуге, басып озуға тырысатын жүргізушілер. Дегенмен, кейде біздің тараптан да қателіктер кетіп жатады. Мысалы, 2025 жылдың үшінші тоқсанында 41 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, соның 14-і ғана «Астана Тазалық» жүргізушілерінің кінәсінен болған.

Кей кездері кәсіпорынның заңгерлері де медиация қызметін атқарып, ұжым ішіндегі түсініспеушіліктерді шешуге атсалысады. Ал құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды барынша азайту бойынша стратегия әзірлеу – Қауіпсіздік қызметі міндеттерінің бірі.

Осы мақсатта компанияның ішкі құжаттарына бірқатар өзгерістер енгізіліп, бақылау мен жауапкершілікті күшейту шаралары қабылданды. Қауіпсіздік қызметі – кәсіпорынның сенімді қалқаны. Оның жұмысы – тәртіпті сақтау ғана емес, ең бастысы әр қызметкердің еңбегін қорғау, әділдікті қамтамасыз ету және ұжымда сенім мен жауапкершілік мәдениетін орнықтыру.



# Борьба с нарушениями - задача Службы безопасности

Контролем охраны имущества «Астана Тазалық» от несанкционированного доступа, кражи, вандализма и других неправомерных действий, предотвращением мошенничества со стороны сотрудников, контрагентов и других сторон занимается Служба безопасности предприятия. Кроме того, специалисты именно этого отдела взаимодействуют с правоохранительными органами в случае совершения преступлений или правонарушений на территории ТОО или в отношении его сотрудников, участвуют в расследовании преступлений, защищают интересы компании в правовом поле.

В составе СБ на сегодняшний день всего пять человек, все - бывшие сотрудники правоохранительных органов. Для такой большой организации этого, конечно, недостаточно, поэтому в планах есть расширение подразделения.

Учитывая специфику работы и возложенные на отдел обязанности информация о нем носит конфидициальный характер. Однако кое-что руководитель Службы безопасности Нуржан Имангалиев нам все-таки рассказал.

Так, например, примечательно, что уже две кражи, выявленные на предприятии, расследуются в суде. СБ самостоятельно выявил эти нелицеприятные факты и передал материалы в Департамент экономических расследований. Фигуранты дел были уволены по статье.

**- Я работаю всего год. Но уже могу сказать, что процентов на 70-80 краж стало меньше, - делится Нуржан Байдыкенович. – Этому способствовала установка на транспортных средствах GPS и датчиков учета топлива. Ведь в основном воруют дизельное топливо и бензин, а также запчасти, колеса и аккумуляторы. Человеческий фактор...**

За плечами у руководителя СБ – большой опыт оперативной работы. По выходу на пенсию по выслуге лет в правоохранительных органах он какое-то время работал в Службе безопасности Международного аэропорта Алматы. Так что и с деятельностью коммунальной службы разобрался довольно быстро.

О применяемых методах работы говорит неохотно. Главное – результат. Приходится отрабатывать и поступающие сигналы, и проводить незапланированные проверки.

Внутренняя безопасность, снижение коррупционных рисков, контроль дисциплины, поддержка графиков работы – тоже важная часть деятельности СБ. Крое того, все материально ответственные специалисты предприятия при трудоустройстве проходят проверку через отдел СБ.

Профилактическая работа проводится, в основном, с руководящим составом. Но и с коллективом на общих собраниях с участием представителей органов внутренних дел, прокуратуры, КНБ и акимата обсуждаются последствия несанкционированных и противозаконных действий со стороны сотрудников.

В целях повышения уровня знания проводятся семинары по вопросам безопасности дорожного движения. Борьба с нетрезвыми водителями и нарушителями ПДД – еще одна функция Службы безопасности.

- Если за другие нарушения по внутренним документам ТОО сначала выносится замечание, затем выговор, строгий выговор, то за пьянство на работе сотруднику сразу грозит увольнение, - рассказывает Нуржан Байдыкенович. - При совершении ДТП мы выезжаем на место аварии, выясняем кто прав, а также то, исправна ли была машина при выезде. Совместно с полицейскими ведем разбирательство, и, конечно, стараемся защитить своего сотрудника. Ведь часто не прав бывает сторонний водитель, который игнорирует тот факт, что на дороге работает спецтехника, пытаясь обогнать, неудачно маневрирует. Но бывает, что и наши сотрудники виноваты. Например, за третий квартал 2025 года было зафиксировано 41 ДТП, из них только 14 по вине водителей ТОО.

Порой юристам приходится выступать и в качестве медиаторов, если кто-то в коллективе что-то не поделил между собой. Выработка стратегии для минимизации и предотвращения правонарушений – глобальная задача СБ. Для усиления контроля и ужесточения наказаний уже были внесены изменения во внутренние документы компании.

# Цифрландыру - тиімділіктің кілті

Бөлімде 3 қызметкер еңбек етеді. Олардың негізгі міндеті – компанияның тұтас инфрақұрылымының сақадай сай болуын қадағалау. Бұл серверлерді, желілік жабдықтарды, жұмыс станцияларын әкімшілендіру, жергілікті желі мен интернеттің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, антивирустық жүйелер мен желілік экрандарды баптау және сүйемелдеу, DLP жүйелерін қолдану сияқты бағыттарды қамтиды.

Сонымен қатар қызметкерлерге техникалық көмек көрсету, кеңес беру, ақауларды жою, корпоративтік бағдарламалар мен сервистермен жұмыс істеуге машықтандыру да – IT-бөлімнің күнделікті жұмысының бір бөлігі. Деректер мен жүйелердің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету, IT-ресурстар мен бюджеттердің тиімді пайдаланылуын қадағалау – бөлімнің басты міндеттерінің бірі.

Алайда бұл – жұмыстың тек көрінетін бөлігі. Көзге бірден түсе бермейтін, бірақ компания үшін аса маңызды бағыт – серіктестіктің мақсаттарына сай IT-стратегияларды жоспарлау мен жаңа технологияларды енгізу. Бөлім қызметкерлері өз миссиясын сенімді, қауіпсіз әрі инновациялық IT-орта қалыптастыру деп біледі. Бұл орта ұйымның стратегиялық мақсаттарын қолдап, қызметкерлерге барынша жайлы жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

– Мен жұмысқа орналасқан сәтте «Астана тазалыққа» жаңа басшы келген еді. Бұған дейін түрлі басшылармен жұмыс істедім. Бірақ, менің ойымша, Замир Садықұлы – нағыз жаңашыл адам. Ол уақыт талабына сай қимылдап, пайдалы технологияларды барынша енгізуге тырысады. Бізді осы жайт қуантады. Бас директордың жаңашылдығының арқасында біз цифрландыру бағытында да қарқынды дамып келеміз, – дейді ақпараттық технологиялар бөлімінің жетекшісі Арман Сыздықов.

Әңгімелесу барысында-ақ, оның да кәсіпорынның дамуы мен өркендеуіне жанашырлықпен қарайтынын, жұмысына заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге ынталы екенін байқауға болады.

Мысалы, мұнда пайдаланушылардың есептік жазбалары мен құқықтарын орталықтан басқаруға арналған «Active Directory» жүйесі енгізілді. Жұмыс орындарын стандарттау және ақпараттық қауіпсіздікті күшейту үшін топтық саясат (GPO) бапталды. Периметрді қорғау мен трафикті сүзгіден өткізу мақсатында NGFW жүйесі орнатылды. Сонымен қатар өтінімдерді тіркеу мен өңдеуге арналған бірыңғай платформа ретінде GLPI жүйесі пайдалануға берілді. Компанияның қолжетімділік бақылау жүйелерімен интеграцияланған ақылды шлагбаумдар да іске қосылған.

**– Қазір – цифрландыру мен гаджеттер дәуірі. Біз де қағаз құжаттардан толық бас тартуға тырысып жатырмыз. Жаңа құралдар жасап, енгізіп, кемшіліктерді түзетеміз, қызметкерлерді үйретеміз, – дейді Арман Абайұлы. – Мәселен, «Documentolog» жүйесін 1С платформасымен интеграциялап жатырмыз. Серіктестермен бірге жүргізушілердің рейске шығуын QR-код арқылы жүзеге асыратын «Tazalike» электронды жол парағы жүйесін енгізу үстіндеміз. Көлік қозғалысын бақылауға қатысты барлық үдерістерді автоматтандырып, деректерді онлайн режимде көруге және жинауға мүмкіндік беріп отырмыз. Бұл еңбек уақытын есепке алу жүйесіне де қатысты.**

IT-мамандардың мақсаты – коммуналдық қызметтің бүкіл жұмысын бір батырма арқылы бір орталықтан басқаруға қол жеткізу. Жауапты қызметкер қаланың кез келген нүктесінен тапсырмаларды гаджет арқылы жедел орындап, үдерістерді бақылай алады дегенді елестетіп көріңізші!

– Қазір «Tazalike» жүйесін енгізу жұмыстары аяқталуға жақын. Машиналардың шығуын қадағалайтын жауапты тұлға тапсырманы жүйе ішінде қалыптастырады. Ал белгілі бір учаскеге бекітілген жүргізуші жұмысқа келген соң QR-кодты сканерлеп, смартфонынан өз міндеттерін бірден көреді, – деп түсіндіреді IT-бөлім жетекшісі.

«Жаңашылдықтарға қарапайым қызметкерлер қалай қарайды?» деген сұраққа Арман Абайұлы:

**– Кез келген бастама алғашында қарсылыққа тап болады. Бірақ біз өзгерістерді біртіндеп енгіземіз, түсіндіреміз. Қызметкерлер өздері-ақ бұл жүйелердің ыңғайлы әрі жылдам екенін байқап отыр. Оның үстіне тағы бір артықшылығы – қағаз үнемделеді. Яғни экологияны да қорғауға үлес қосып жатырмыз, – дейді.**





# Цифровизация только на пользу

В отделе IT 3 сотрудника. В целом, работа подразделения заключается в поддержке существующей инфраструктуры – это администрирование серверов, сетевого оборудования, рабочих станций, обеспечение работы локальной сети и Интернета, настройка и сопровождение антивирусных решений, межсетевых экранов, систем DLP.

Важную часть занимает поддержка пользователей, консультации, устранение неисправностей, их обучение работе с корпоративным ПО и сервисами, а также хранение и защита данных и систем от внешних и внутренних угроз, эффективное использование ИТ-ресурсов и бюджетов. Это базовые задачи.

Но есть и другая часть работы айтишников, не заметная на первый взгляд, но очень важная для компании – это планирование и разработка IT-стратегий в соответствии с целями товарищества, а также внедрение новых технологий. Свою миссию сотрудники отдела видят в обеспечении надежной, безопасной и инновационной IT-среды, которая поддерживает стратегические цели организации и обеспечивает комфортную работу сотрудников.

- Когда я только устроился, в ТОО «Астана Тазалық» как раз пришел новый руководитель. Я работал под руководством разных людей. И могу сказать: Сагинов Замир Садыкович является, по моему мнению, новатором и идет в ногу со временем, максимально стараясь внедрить полезные технологии в процесс. И меня как исполнителя это радует. Благодаря видению генерального директора, мы развиваемся и в плане цифровизации, - говорит руководитель отдела информационных технологий Арман Сыздыков.

Из разговора с ним становится ясно, что и сам главный компьютерщик предприятия душой болеет за ее развитие и процветание и старается привнести в ее работу последние достижения цифровизации.

Например, внедрена система Active Directory для централизованного управления учетными записями и правами пользователей, настроена групповая политика (GPO) для стандартизации рабочих мест и усиления информационной безопасности, введен в эксплуатацию NGFW для защиты периметра и фильтрации трафика, внедрена система GLPI как единая платформа для регистрации и обработки заявок. Также установлены и интегрированы умные шлагбаумы с корпоративными системами контроля доступа.

**- Сейчас век цифровизации, гаджет-технологий, и мы тоже стараемся полностью отходить от бумажных документов. Создаем и внедряем инструменты, исправляем изъяны, обучаем работников, - рассказывает Арман Абаевич. - Например, проводим интеграцию Documentolog с 1С. С партнерами внедряем систему электронного путевого листа «Tazalike», когда выход водителей в рейс осуществляется через QR-код. Автоматизируем все, что связано с контролем транспорта, чтобы можно было просматривать и собирать данные в онлайн-режиме. Тоже касается учета рабочего времени.**

Айтишники добиваются того, чтобы вся деятельность коммунальной службы централизованно управлялась посредством одного клика. Только представьте: ответственный сотрудник будет способен оперативно реагировать на те или иные задачи при помощи гаджета, находясь в любой точке города.

- Внедрение «Tazalike» сейчас находится на финишной прямой. Ответственный за выход машин формирует разнарядку в системе, и назначенный на тот или иной участок водитель, приходя на работу и просканировав QR-код, видит свои задачи в смартфоне, - объясняет руководитель IT-отдела.

На вопрос, а как ко всем нововведениям относятся рядовые сотрудники, Арман Абаевич отвечает:

**- Всегда все новое встречает возражение и непонимание. Но мы внедряем постепенно, проводим инструктаж. И теперь сотрудники сами видят, что это удобно и быстро. А еще и экономия бумаги: экологию тем самым бережем!**

# Кадрлық әлеует – тұрақтылық пен даму кепілі

Кез келген ұйымның табысты болмағы ең алдымен ондағы кадрлық құрамның сапалы болуына байланысты. Ал осы істі жүйелі жүргізіп, құжат айналымын тәртіпке келтіріп отыру – кадрлық және құжат айналымын басқару бөлімінің күнделікті еңбегінің нәтижесі. Бүгінде бұл бөлімде 8 қызметкер жұмыс істейді. Олар кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерімен тығыз байланысты жолға қойып, қызмет сапасын арттыру мен ішкі үдерістерді оңтайландыратын ортақ міндетті жемісті атқарып келеді.



Бөлімнің негізгі қызметі – кадрлық есеп жүргізу, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босатуға қатысты рәсімдерді ұйымдастыру, еңбек заңнамасы мен ішкі нормативтік актілердің сақталуын бақылау. Сонымен қатар құжат айналымының барлық кезеңдерін жүйелі жүргізіп, ұйымның ресми құжаттарын сақтау мен реттеу ісін қамтамасыз етеді.

Ұжымды ұйыстыру, құжат айналымының тиімді жүйесін қалыптастырып, кадрлық әлеуетті дамыту, құқықтық ашықтық пен кәсіпорын жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету сынды жұмыстарды бөлім жан-жақты жүргізіп келеді. Осы мақсатта қызметкерлер тек ағымдағы жұмыстармен шектелмей, ұзақмерзімді нәтижелерге де назар аударады.

2025 жыл бөлім үшін айрықша кезең болды. Биыл жұмыс уақытының есебін жүргізуді автоматтандыру мақсатында «Clockster» атты HR-жүйесі енгізіліп, тиімді қолданылып жатыр. Бұл бастама қызметкерлердің тәртібі мен еңбек өнімділігін бақылауды жаңа деңгейге көтерді. Сонымен қатар ішкі оқыту бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды – бұл қадам кәсіби біліктілікті арттыру мен ішкі ресурстарды дамытуға жол ашты.

**Осы жылы кадрлық құжат айналымын оңтайландыру мен цифрландыру мақсатында «Documentolog» жүйесі де енгізілді. Бұл жаңашыл шешім рәсімдердің жылдамдығын арттырып, қағазбастылықты азайтуға мүмкіндік берді. Бұған қоса бөлім жыл сайынғы аттестация мен кәсіби емтихандарды ұйымдастыруға белсенді қатысып, маңызды лауазымдарға кадрлық резервті қалыптастырды.**

Бөлім қызметкерлері корпоративтік жобалар мен іс-шараларға да белсенді қатысып келеді. 2025 жылы қызметкерлердің жеке істерін бірыңғай форматта жүргізуге арналған «Бірыңғай кадрлық жүйе» енгізу жұмысы басталды. Бұл бастама келешекте тұтас ұжым қызметкерлеріне қатысты деректерді орталықтандырылған түрде басқаруға мүмкіндік бермек.

Бір сөзбен айтқанда, кадрлық және құжат айналымын басқару бөлімі – кәсіпорынның ішкі тәртібі мен тұрақтылығының тірегі. Олар ұйымның іркіліссіз жұмыс істеуіне кадрлық әлеуетті жұдырықтай жұмылдыру ісін жемісті жүргізіп келеді.



# Кадровый потенциал – залог стабильности и развития

Успех любой организации, прежде всего, определяется качеством ее кадрового состава. Системное ведение этой работы и поддержание порядка в документообороте – результат ежедневного труда отдела по управлению кадрами и документооборотом. Сегодня в отделе работают восемь сотрудников. Они выстроили тесное взаимодействие со всеми структурными подразделениями предприятия, успешно выполняя общую задачу – повышение качества обслуживания и оптимизацию внутренних процессов.



Основные функции отдела – ведение кадрового учета, организация процедур приема, перевода и увольнения сотрудников, контроль за соблюдением трудового законодательства и внутренних нормативных актов. Кроме того, специалисты отдела обеспечивают системное ведение документооборота на всех этапах, хранение и упорядочение официальных документов организации.

Отдел проводит комплексную работу по сплочению коллектива, созданию эффективной системы документооборота, развитию кадрового потенциала, обеспечению правовой прозрачности и стабильной деятельности предприятия. При этом сотрудники не ограничиваются текущими задачами, уделяя внимание и долгосрочным результатам.

2025 год стал особенным этапом в деятельности отдела. В этом году для автоматизации учета рабочего времени внедрена HR-система «Clockster», которая успешно используется и вывела контроль трудовой дисциплины и производительности на новый уровень. Также была разработана и запущена внутренняя программа обучения – важный шаг в повышения профессиональной квалификации и развития внутренних ресурсов.

**В этом же году в целях оптимизации и цифровизации кадрового документооборота внедрена система «Documentolog». Это инновационное решение позволило ускорить рабочие процессы и существенно сократить объем бумажной документации. Кроме того, отдел активно участвует в организации ежегодной аттестации и профессиональных экзаменов, а также в формировании кадрового резерва для ключевых должностей.**

Сотрудники отдела принимают активное участие и в корпоративных проектах и мероприятиях. В 2025 году начата работа по внедрению «Единой кадровой системы», предназначенной для ведения личных дел сотрудников в унифицированном формате. В перспективе это позволит централизованно управлять всей информацией, касающейся персонала предприятия.

Одним словом, отдел по управлению кадрами и документооборотом – это опора внутреннего порядка и стабильности предприятия. Благодаря их профессионализму и слаженной работе кадровый потенциал организации эффективно направляется на достижение общих целей и бесперебойное функционирование компании.



## Тәртіп пен бақылау - тазалық кепілі

Қала тазалығын қамтамасыз етудегі басты тетіктің бірі – көлік құралдарының тиімді әрі талап пен тәртіпке сай жұмыс істеуі. Осы міндеттің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін құрылым – «Астана тазалық» кәсіпорнының Көлік бақылау бөлімі. Бүгінде бұл бөлім 27 маманнан тұрады. Олардың қатарында аға GPS-операторлар, диспетчерлер мен бас мамандар бар. Маусымдық кезеңдерде, яғни көлік жүктемесі артқан уақытта, қосымша қызметкерлер тартылады. Сол кезде бөлім қызметкерлерінің жалпы саны 40 адамға дейін жетеді.

**Көлікті бақылау бөлімі – кәсіпорынның «көз бен құлағы». Мамандар Астананың санитарлық тазалығына тартылған 440-тан астам арнайы техниканы тәулік бойы GPS жүйелері арқылы бақылайды. Әр көлікке орнатылған жанармай деңгейін өлшейтін датчиктер мен бейнебақылау терминалдары қозғалысты нақты әрі ашық бақылауға мүмкіндік береді. Бұл – жауапкершілік пен тәртіптің кепілі.**

Бөлімнің негізгі міндеттеріне жанармай шығынын бақылау, жылжымалы жанармай құю станциясының жұмысына қадағалау жасау, маршруттарды талдау және оңтайландыру, сондай-ақ елорданың санитарлық тазалығы мәселесіне қатысты қаланың апатты және коммуналдық қызметтерімен өзара байланыс орнату, жабдықтардың ақауын дер кезінде анықтап, қалпына келтіру, кәсіпорынның ақпараттық инфрақұрылымын қолдау жұмыстары кіреді. Осы кешенді іс-шаралардың арқасында «Астана тазалықтың» техникасы елорданың кез келген ауданында дер кезінде қызмет көрсетіп, қала көшелерінің тазалығы мен тәртібін сақтап келеді.

Бөлімнің басты миссиясы – кәсіпорын ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ашықтық пен еңбек тәртібін қамтамасыз ету. Цифрлық технологиялар мен жедел талдау жүйелерінің арқасында көлік қозғалысы үздіксіз бақыланады. Бұл өз кезегінде қаланың тазалық ритмін бұзбай, тұрақты қызмет атқаруға жағдай жасайды.

2025 жылы Көлік бақылау бөлімі бірқатар маңызды істі жүзеге асырды. Автопарк толық GPS жүйелерімен, жанармай датчиктерімен және жасанды интеллект элементтері бар бейнетерминалдармен жабдықталды. Цифрлық жанармай есебі жүйесі енгізіліп, шығын айтарлықтай азайды. Техниканың бос тұрып қалуы мен маршруттардың бұзылуының алдын алу шаралары жүзеге асырылды. Сондай-ақ жылжымалы жанармай станциясы үздіксіз қызмет етіп тұр. Бұл өзгерістердің барлығы кәсіпорынның тиімділігін арттырып, сыртқы аудит кезінде оң бағаланды.

Айта кететін жайт, Көлік бақылау бөлімінің мамандары тәулік бойы, жылдың төрт мезгілінде кідіріссіз жұмыс істейді. Әсіресе қыс айларында, қар мен мұзбен күрес кезеңінде, олардың еңбегі еселене түседі. Сонымен қатар бөлім қызметкерлері тек бақылап қана қоймай, ақпараттық жүйелерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізіп, мекеменің цифрлық дамуына өз үлесін қосып келеді.

Бөлім қызметі заңдылықты сақтау, деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және инновацияны тұрақты түрде енгізу қағидаттарына сүйенеді.

«Астана Тазалықтың» Көлік бақылау бөлімі – тек техникалық бақылау тобы емес. Бұл – қаланың тазалығы мен тәртібін қамтамасыз ететін жүйенің маңызды бөлігі. Олардың еселі еңбегі – елордамыздың көркі мен жайлылығының кепілі.



## Дисциплина и контроль — залог чистоты

Одним из ключевых факторов, обеспечивающих чистоту города, является эффективная и дисциплинированная работа автотранспорта. За безупречное выполнение этой задачи отвечает Отдел транспортного контроля ТОО «Астана Тазалық».

Сегодня в отделе работают 27 специалистов, среди которых — старшие GPS-операторы, диспетчеры и ведущие специалисты. В сезон повышенной нагрузки, когда объем транспортных работ возрастает, привлекаются дополнительные сотрудники, и общая численность отдела достигает 40 человек.

**Отдел транспортного контроля по праву можно назвать «глазами и ушами» предприятия. Специалисты круглосуточно отслеживают в режиме реального времени более 440 единиц спецтехники, задействованных в санитарной очистке столицы. Установленные на каждой машине GPS-трекеры, датчики уровня топлива и видеотерминалы позволяют осуществлять прозрачный мониторинг работы транспорта. Это — основа дисциплины и ответственности.**

К основным задачам отдела относятся: контроль расхода топлива, надзор за работой мобильных заправочных станций, анализ и оптимизация маршрутов, взаимодействие с аварийными и коммунальными службами города по вопросам санитарного состояния, своевременное выявление и устранение неисправностей оборудования, а также поддержание информационной инфраструктуры предприятия. Благодаря этой комплексной работе техника «Астана Тазалық» оперативно и эффективно обслуживает все районы столицы, обеспечивая чистоту и порядок на улицах города.

Главная миссия отдела — обеспечение прозрачности и трудовой дисциплины за счёт эффективного использования ресурсов предприятия. Благодаря цифровым технологиям и системам оперативной аналитики, движение техники находится под постоянным контролем, что позволяет сохранять стабильный ритм работы и бесперебойно поддерживать чистоту города.

2025 год стал для отдела временем значительных достижений. Весь автопарк был полностью оснащён GPS-системами, топливными датчиками и видеотерминалами с элементами искусственного интеллекта. Внедрение цифровой системы учета топлива позволило значительно сократить расходы. Были реализованы меры по предотвращению простоев техники и нарушений маршрутов, а мобильная заправочная станция работает в постоянном режиме. Все эти изменения повысили эффективность предприятия и получили высокую оценку в ходе внешнего аудита.

Важно отметить, что сотрудники отдела трудятся круглосуточно, без выходных и в любое время года. Особенно возрастает нагрузка зимой — в период борьбы со снегом и гололёдом. Помимо основных обязанностей, специалисты активно участвуют в развитии информационных систем и вносят предложения по цифровому совершенствованию работы предприятия.

Деятельность отдела строится на принципах законности, прозрачности, защиты данных, повышения профессиональной квалификации и внедрения инноваций.

Отдел транспортного контроля ТОО «Астана Тазалық» — это не просто техническая служба. Это важнейшее звено системы, обеспечивающей чистоту и порядок столицы. Их труд — это залог комфорта, уюта и привлекательного облика нашего города.



# Маман – басты құндылық!

«Астана Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – елорда тазалығын қамтамасыз етіп отырған ірі коммуналдық кәсіпорын. Осындай көлемді құрылымның адам ресурсын тиімді басқару, мамандарды тарту мен дамыту ісі HR бөлімінің кәсіби жұмысына тікелей байланысты. Бұл бөлімде бар болғаны екі маман еңбек етеді. Дегенмен, олардың атқарып отырған қызметі ұжымдағы әрбір еңбеккердің кәсіби және рухани дамуына, сонымен қатар, мекеменің жалпы табысына айтарлықтай әсерін тигізіп отыр.

Кадр саясатын басқару бөлімі кәсіпорында кадрларды іріктеу, бейімдеу, дамыту және ұстап қалу жұмыстарын жүзеге асырады. HR бөлімінің миссиясы – кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және ұжымда сақтау арқылы кәсіпорынның тұрақты дамуына үлес қосу. Ал басты мақсаты – компанияны білікті, ынталы және өз ісіне адал қызметкерлермен қамтамасыз ету, соның нәтижесінде мекеменің стратегиялық міндеттерін тиімді орындауға ықпал ету.

2025 жылы HR бөлімі ауқымды әрі мазмұнды жұмыстар атқарды. Ең алдымен, инженерлік-техникалық персонал, жүргізушілер және машинистер үшін ішкі оқыту бағдарламалары ұйымдастырылды. Бұл сабақтар еңбек заңнамасының нормаларын, еңбекақыны есептеу тәртібін, техника қауіпсіздігі мен жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелерін қамтыды. Мұндай шаралар қызметкерлердің құқықтық және өндірістік сауаттылығын арттыруға, кәсіби тәуекелдерді азайтуға және еңбек пен қауіпсіздік талаптарын сақтау деңгейін көтеруге бағытталды.

Сонымен қатар 1000-нан астам қызметкер қаржылық сауаттылық бойынша сыртқы оқыту бағдарламасынан өтті. Бұл бағдарламаның мақсаты – қызметкерлердің қаржылық хабардарлығын арттыру, жеке қаржысына жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыру және жалпы қаржылық мәдениетті дамыту болды.

Корпоративтік мәдениетті дамыту және қызметкерлердің көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатында мекеме ішінде дебат сайыстары өткізілді. Мұндай бастамалар ұжым мүшелерінің коммуникативтік қабілеттерін дамытып, өз ойын еркін жеткізуге және кәсіби сенімділікті арттыруға ықпал етті.

Бұдан бөлек әкімшілік-басқарушылық және инженерлік-техникалық қызметкерлер арасында ашық форматта аттестация өткізілді. Бұл іс-шараға 160 қызметкер қатысты. Аттестацияның негізгі мақсаты – мамандардың кәсіби құзыреттілігін, біліктілік деңгейін және өз лауазымдарына сәйкестігін бағалау болды. Нәтижесінде, кадрлық әлеуетті дамыту мен кәсіби өсуге бағытталған нақты қадамдар белгіленді.

**HR бөлімінің 2025 жылғы маңызды жетістіктерінің бірі – кәсіби-техникалық колледжбен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою. Осы келісім аясында техникалық мамандықтар бойынша оқып жүрген студенттер үшін ақылы өндірістік тәжірибе ұйымдастырылды. Бұл – жастарды ерте кәсіби бейімдеуге, нақты тәжірибе жинақтауға және «Астана Тазалық» кәсіпорны үшін болашақ кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама болды.**

HR бөлімі тек кадрлық жұмыстармен шектеліп қалмайды. Ол – ұжымдағы корпоративтік мәдениетті нығайтатын, адам капиталын дамытатын және әрбір қызметкердің әлеуетін ашуға жағдай жасайтын орталық. Бұл бөлімнің жұмысы арқылы кәсіпорынның ең құнды байлығы – адам еңбегіне деген құрмет көрініс табады.

«Астана Тазалық» басшылығының айтуынша, елорданың тазалығы мен тәртібі ең алдымен өз ісіне адал, кәсібін сүйетін адамдардың еңбегінің нәтижесі. Сондықтан да HR бөлімінің басты қағидасы – «Адам – басты құндылық». Осы ұстаным кәсіпорынның барлық қызметінде көрініс тауып, ұжымдағы бірлік пен жауапкершілік мәдениетін нығайта түсуде.





# Дать инструменты для генерации идей







ТОО «Астана Тазалық» переживает период трансформации, который касается не только оптимизации и автоматизации производственных процессов, но и повышения уровня компетенции сотрудников. Большую роль в этом играет HR-служба. Ее миссия - создавать условия для привлечения, развития и удержания талантливых сотрудников, способствуя росту предприятия через эффективное управление персоналом.

Для достижения грандиозных стратегических задач, которые ставит перед собой руководство компании, нужны квалифицированные, мотивированные и лояльные сотрудники. С недавнего времени реализуется программа «Молодые таланты». Без привлечения в коммунальную сферу молодежи, обеспечения им всяческих возможностей для обучения и развития некому будет заменить специалистов, уходящих на заслуженный отдых.

- В «Астана Тазалық» внедряется много изменений, и нам нужен новый уровень компетенций. Наша цель, чтобы люди работали не так, как в обычном найме, а взращиваем таких сотрудников, чтобы они могли генерировать идеи самостоятельно, что-то улучшать, оптимизировать на своем участке, чтобы у каждого была персональная ответственность. Это совсем иной уровень, и мы не можем с них требовать, не обучив. Поэтому даем инструменты, с помощью которых впоследствии они смогут генерировать свои предложения, - рассказывает психолог HR-службы Жанат Сауханова.

Второй год подряд в компании проводится глобальное обучение от водителей до топ-менеджеров. Целью множества обучающих мероприятий является повышение профессиональных и коммуникативных компетенций, правовой и финансовой грамотности, развитие цифровых и управленческих навыков сотрудников.

Так, в 2025 году было организовано внутреннее обучение инженерно-технического персонала, водителей и машинистов нормам трудового законодательства, расчету заработной платы, технике безопасности и безопасности дорожного движения. Это нужно для снижения профессиональных рисков в том числе.

Но помимо обучения профессиональным навыкам практикуется и развитие Soft skills. Например, более 1 000 сотрудников предприятия ознакомлены с основами финансовой грамотности. В рамках развития корпоративной культуры и навыков публичных выступлений будут проведены дебаты, чтобы сотрудники могли отточить на практике полученные в ходе обучения навыки. К тому же, дебаты - это хороший опыт командной работы и большой энергетический заряд, уверены специалисты HR.

Очную аттестацию в 2025 году прошли 160 сотрудников АУП и ИТР, получив оценку профессиональных компетенций, уровня квалификации и соответствия занимаемым должностям.

**- Как известно, профильного обучения в коммунальной сфере нет, все учатся на ходу. Поэтому есть идея создать внутренний корпоративный университет, - делится Жанат Сауханова. - Мы заключили меморандум о сотрудничестве с Профессионально-техническим колледжем Астаны и организовали оплачиваемую производственную практику для его студентов. А со временем хотели бы получить квоты в этом колледже по нашим направлениям, чтобы наши сотрудники могли там преподавать и готовить нам специалистов.**

Конечно, в «Астана Тазалық» есть такие минусы для молодежи, как отдаленный и не самый современный офис, но есть и преимущества: при желании молодого сотрудника получить высшее образование компания может оплатить учебу с условием обязательной отработки.

- Последний в этом году тренинг мы проведем для тренеров, которых выберем из числа наших сотрудников с потенциалом в тренерстве и желанием преподавать самостоятельно, - поделилась планами психолог. - Изменения не всегда проходят гладко. И здесь самое сложное перетянуть людей на сторону изменений, объяснить их значимость. Потому что любое сопротивление приводит к откату. На коммунальном рынке уже множество частных мобильных предприятий. И если мы хотим быть конкурентоспособными, то должны идти в ногу со временем.



# Заңдылық пен айқындықты қамтамасыз еткен бөлім

«Астана Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі – мекеменің стратегиялық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі ең маңызды бөлімінің бірі. Мұнда 5 қызметкер еңбек етеді. Бөлім басшысы – Гүлбаршын Сағындықова.

Бөлімнің басты міндеті – мекеме қызметіне қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін еліміздің заңнамасына сәйкес тиімді әрі ашық түрде ұйымдастыру. Барлық сатып алу үдерісі мемлекеттік бюджет қаржысының оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидаттарына сүйеніп жүзеге асырылады. Осы мақсатта бөлім мемлекеттік сатып алу жоспарын қалыптастырады, оны уақытылы орындауды қамтамасыз етеді, келісімшарттардың орындалуын бақылайды және барлық рәсімдердің заң талаптарына сай болуына жауап береді.

Сонымен қатар бөлімнің қызметі тек сатып алу жұмыстарымен шектелмейді. Ол серіктестіктің құқықтық қызметін толық қамтиды. Заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, құқықтық актілер жобаларының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін тексеру, нормативтік құжаттарды әзірлеу және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу – барлығы да осы бөлімнің күнделікті қызметінің бір бөлігі. «Астана тазалық» серіктестігінің заң қызметкерлері мекеме қызметінде қолданылып жүрген заң нормаларын талдап, тәжірибеде туындайтын мәселелерге құқықтық түсініктеме береді, сондай-ақ, қызметкерлер арасында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді.

**Мемлекеттік сатып алу саласындағы басты бағыттардың бірі – ашықтық пен әділдік қағидатын сақтау. Бұл тұрғыда бөлім барлық конкурстық рәсімдердің нәтижелерін мұқият талдап, серіктестіктің қатысуымен өткен конкурстардың қорытындылары бойынша тиісті хаттамаларды зерделейді. Сондай-ақ, келісімшарттардың дұрыс және уақытылы жасалуына, шарттық міндеттемелердің орындалуына тұрақты бақылау орнатады.**

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі мекеменің заңды мүдделерін қорғау бағытында да белсенді жұмыс жүргізеді. Қызметкерлер серіктестіктің мүдделерін сот органдарында және мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда ұсынады, құқықтық дауларды шешуге атсалысады. Сонымен қатар құрылымдық бөлімшелерге құқықтық көмек көрсетіп, талап-арыз жұмыстарын үйлестіреді, қажетті материалдарды сот органдарына дайындайды және ұсынады.

«Астана Тазалықтың» Мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі – ашықтық, заңдылық және кәсібилік қағидаттарын берік ұстанған ұжым. Олардың үйлесімді еңбегінің арқасында серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі тұрақты дамып, заң талаптарына сай жүзеге асырылып келеді.

# Отдел, обеспечивающий законность и прозрачность

Отдел государственных закупок и правового обеспечения ТОО «Астана Тазалық» – одно из ключевых подразделений, обеспечивающих стратегическую и финансовую устойчивость предприятия. В отделе работают пять сотрудников под руководством Гульбаршын Сагындыковой.

Главная задача отдела – организация процедур государственных закупок товаров, работ и услуг, необходимых для деятельности предприятия, в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Все закупочные процессы осуществляются на принципах эффективного и рационального использования бюджетных средств. Для этого специалисты отдела формируют годовой план государственных закупок, контролируют его своевременное исполнение, следят за выполнением договорных обязательств и обеспечивают соответствие всех процедур законодательным требованиям.

Однако деятельность отдела не ограничивается лишь закупками. Он полностью курирует правовое сопровождение работы предприятия. В функции отдела входит обеспечение соблюдения законности, проверка проектов нормативных актов на соответствие действующему законодательству, подготовка правовых документов и проведение юридических консультаций.

Юристы «Астана Тазалық» анализируют правовые нормы, применяемые в деятельности компании, дают разъяснения по возникающим вопросам, а также проводят информационно-разъяснительную работу, направленную на повышение правовой культуры сотрудников.

**Одним из важнейших направлений в сфере государственных закупок является принцип открытости и справедливости. В этом контексте отдел тщательно анализирует результаты конкурсных процедур, рассматривает протоколы заседаний конкурсных комиссий, следит за корректностью и своевременностью заключения договоров, а также за неукоснительным исполнением контрактных обязательств.**

Кроме того, правовое обеспечение включает активную защиту законных интересов предприятия. Сотрудники отдела представляют интересы ТОО «Астана Тазалық» в судебных инстанциях, государственных и негосударственных органах, участвуют в разрешении правовых споров. Отдел координирует претензионно-исковую работу, оказывает правовую помощь структурным подразделениям, готовит необходимые материалы для судебных органов.

Отдел государственных закупок и правового обеспечения ТОО «Астана Тазалық» – это команда профессионалов, твёрдо придерживающихся принципов законности, прозрачности и ответственности. Благодаря их слаженной работе предприятие развивается устойчиво и действует в строгом соответствии с требованиями законодательства.

# 220 арудың еңбегімен таза Астана!





# Нақты есеп пен айқын жоспар

Кез келген ұйымды тұрақты дамыту мен сенімді басқару нақты есеп пен айқын жоспарға негізделетіні белгілі. «Астана Тазалық» компаниясында бұл жауапты міндетті бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі атқарып келеді. Бүгінде аталған бөлімде 8 адам еңбек етеді. Олардың қатарында – бас бухгалтер, оның орынбасары, 5 бас маман және 1 жетекші маман бар. Шағын бөлім іс жүзінде, үлкен кәсіпорынның бүкіл есеп-қисабын мүлтіксіз атқарып, қаржы айналымының нақтылығын қамтамасыз етіп отыр.



Былайынша тікелей қатысы жоқ сияқты көрінгенімен, бас қаланың күнделікті тазалығын қамтамасыз етуде бұл бөлім үлкен рөл атқарады. Өйткені жүзеге асатын іс-шараларды қаржылық тұрғыдан қамтамасыз ету, кәсіпорынның барлық қаржы-шаруашылық қызметін заңға сай, айқын әрі уақтылы жүргізу есепшілердің міндеті.

Олар есептілікті қалыптастырып, контрагенттермен есеп айырысуды, салық төлемдерін, жалақы қорын және шығындарды қатаң бақылауда ұстайды. Бұл – нақты есеп пен жоғары жауапкершілікті қатар талап ететін сала.

**Бөлім жұмысының түпкі мақсаты – «Астана Тазалықтың» қаржылық тұрақтылығын сақтау, басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болар нақты деректер базасын қалыптастыру. Басқаша айтқанда, бухгалтерия – мекеменің экономикалық жүрегі.**

2025 жыл бөлім үшін жаңашылдық пен жетістікке толы болды. Бухгалтерлер 1С жүйесіндегі бірқатар үдерісті автоматтандырып, есептілік дайындау уақыты 20 пайызға қысқартылды. Сонымен қатар аудандық деңгейде шығындарды бөлуге арналған ішкі әдістеме енгізіліп, талдау сапасы мен басқарушылық шешімдердің тиімділігі артты. Барлық салықтық және бухгалтерлік есептер уақытында тапсырылып, ішкі аудит талаптары толық орындалды.

Бұдан бөлек бөлім мамандары кәсіпорын қызметкерлері үшін жалақы мен салық мәселелері жөнінде оқу семинарларын ұйымдастырды. Бұл тәжірибе жалпы мекеме бойынша қаржылық сауаттылықты арттырып, еңбек мәдениетін нығайтты.

Бухгалтерия – кез келген ұйымның тірегі. Ол көзге байқалмайтын, бірақ компанияның тынысын қалыпты ұстап тұратын жүйе секілді. «Астана Тазалық» бухгалтерлері де дәл солай: әрбір есептің артында мыңдаған адамның еңбекақысы, әрбір есептіліктің артында қала тұрғындарының өмір сапасы жатыр.

Бөлім қызметкерлері кәсіби дамуға ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын заңнамалық өзгерістер мен бағдарламалық өнімдердің жаңа мүмкіндіктерін меңгеріп, біліктілігін арттырып отырады. Өйткені қаржы саласында жаңалықтан қалыс қалу – кәсіпорын дамуына әсер ететін фактор. Сондықтан бухгалтерлердің ұқыптылығы мен кәсібилігі – бүкіл ұйымның тұрақтылығының кепілі.



# Точный учет и ясный план

Стабильное развитие и эффективное управление любой организации невозможно без точного учёта и чёткого плана. В компании «Астана Тазалық» эту ответственную миссию выполняет отдел бухгалтерского учёта и отчетности. Сегодня в отделе трудятся восемь специалистов: главный бухгалтер, его заместитель, пять ведущих специалистов и один старший специалист. Несмотря на небольшой состав, отдел безупречно ведёт учет всей крупной структуры предприятия, обеспечивая прозрачность и достоверность финансовых потоков.



На первый взгляд может показаться, что бухгалтерия не имеет прямого отношения к поддержанию чистоты в городе. Однако именно этот отдел играет важную роль в обеспечении ежедневной работы компании. Финансовое сопровождение мероприятий, законность и своевременность всех хозяйственных операций – всё это находится под контролем бухгалтеров.

Специалисты отдела формируют финансовую отчётность, ведут расчёты с контрагентами, контролируют налоговые платежи, фонд заработной платы и расходы предприятия. Это направление требует не только точности, но и высокой ответственности.

**Главная цель работы отдела – поддержание финансовой устойчивости компании «Астана Тазалық» и формирование достоверной базы данных для принятия управленческих решений. Проще говоря, бухгалтерия – это экономическое сердце предприятия.**

2025 год стал для отдела временем обновлений и достижений. Бухгалтеры автоматизировали ряд процессов в системе 1С, сократив время подготовки отчетности на 20 процентов. Также была внедрена внутренняя методика распределения расходов по районам, что повысило качество аналитики и эффективность управленческих решений. Все налоговые и бухгалтерские отчёты были своевременно сданы, а требования внутреннего аудита – полностью выполнены.

Кроме того, сотрудники отдела организовали обучающие семинары для работников предприятия по вопросам заработной платы и налогообложения. Эта инициатива повысила общий уровень финансовой грамотности и укрепила корпоративную культуру.

Бухгалтерия – это опора любой организации. Её работа часто остаётся незаметной, но именно она обеспечивает стабильное функционирование всей системы. Так же и бухгалтеры «Астана Тазалық»: за каждой цифрой в отчёте стоит труд тысяч сотрудников, за каждой финансовой сводкой – качество жизни жителей столицы.

Сотрудники отдела уделяют особое внимание профессиональному развитию. Ежегодно они повышают квалификацию, осваивая новые возможности программных продуктов и отслеживая изменения в законодательстве. Ведь отставание от новшеств в финансовой сфере может сказаться на развитии всей компании. Поэтому аккуратность и профессионализм бухгалтеров – это залог стабильности и устойчивости всей организации.

# Кәсіподақ – еңбек адамының сенімді тірегі





«Астана Тазалық» кәсіпорны 2008 жылы құрылғаннан кейін келесі жылы-ақ ұжымда қызметкерлердің құқы мен әлеуметтік мүддесін қорғайтын кәсіподақ ұйымы іске кірісті. Қазір оның құрамында кәсіпорын қызметкерлерінің шамамен 70 пайызы бар. Кәсіподақ төрайымы Сымбат Кәкімованың айтуынша, жұмысшылар ұйымға өз ынтасымен кіреді. Өйткені мұнда еңбек адамдарына жан-жақты материалдық және құқықтық көмек көрсетіледі, еңбек даулары мен мәселелер туындап жатса, уақтылы және әділ шешімін табады.

Кәсіподақтың басты міндеті – қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек қатынастарын реттеу және ұжымдағы келісім мен түсіністікті нығайту. Ұйым еңбек заңнамасы мен әлеуметтік кепілдіктерге қатысты кеңес беріп, жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы өзара сенімге негізделген ынтымақты қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Кәсіподақ болуының өзі компанияның еңбек жағдайын жақсартуға, қызметкерлердің өмір сапасын арттыруға, сондай-ақ, олардың заңдық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуына ерекше назар аударатынын көрсетеді.

Кәсіподақ жұмысының маңызды бағыттарының бірі – корпоративтік рухты қалыптастыру және ұжымды біріктіретін ортақ іс-шараларды ұйымдастыру. Биыл мерекелер аясында бірқатар игі шара өтті. Атап айтқанда, Халықаралық әйелдер күніне, Наурыз мерекесіне, Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік кештер ұйымдастырылып, қызметкерлерге, олардың балаларына сыйлықтар тарту етілді. Жаңа жыл қарсаңында да бүлдіршіндер шырша мерекесіне қатысып, тарту-таралғыға ие болды. Ал Қарттар күніне орай кәсіпорынның 140-тан астам ардагері құрметке бөленді. Осынау шаралар аға буынға деген ізеттің айғағы болып, дәстүр сабақтастығын паш етті.

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жұмыс жағдайын жақсарту да кәсіподақ назарынан тыс қалмайды. Кәсіпорын есебінен медициналық қызмет көрсетіледі, оның ішінде стоматологиялық көмек те бар. Өндіріс базаларында дәрігерлер мен фельдшерлер кезекшілік атқарып, жұмысшыларға дер кезінде медициналық көмек көрсетеді. Бұл жүйе қызметкерлердің денсаулығын бақылауға және жұмыс қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. Қыс кезінде 1700-ден астам жұмысшы үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылып, олардың денсаулығын нығайтуға және еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасалды. Сонымен бірге техникалық бөлмелер тұрмыстық техникамен жабдықталып, жұмыс орнындағы жайлылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіподақ балалар мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін қызметкерлерге де ерекше көңіл бөледі. Жаз мезгілінде 115 бала кәсіподақтың қолдауымен балалар сауықтыру лагерінде тегін демалды. Ал 1-сыныптың 56 оқушысына оқу құралдары мен сөмкелер сыйға тартылды. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларға материалдық көмек көрсетілді.

**Еңбеккерлердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында кәсіподақ спорттық залдарды жалға алып, футбол мен волейбол ойнауға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар бассейн мен спортзалға абонементтер беріледі. Компания ішінде спорттық жарыстар жиі ұйымдастырылып, оған көптеген қызметкерлер белсене қатысады. Бұл шаралар ұжымдағы бірлік пен серіктестік рухын арттырып, денсаулықты нығайтуға сеп болады.**

Некеге тұру, бала сүю, операциядан кейінгі және оңалту кезеңдері сияқты жағдайларда, сондай-ақ, төтен қиындық болған сәттерде материалдық көмек көрсетіледі. Ұжымда мерейтой иелерін құрметтеу дәстүрге айналған.

Бұған дейін «Астана Тазалық» кәсіподағы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының кәсіподақ ұйымының құрамында болса, бүгінде ауыл шаруашылығы саласындағы салалық кәсіподаққа өту үстінде. Бұл қадам кәсіподақ қызметінің жаңа кезеңін бастап, еңбек адамдарының құқықтары мен әл-ауқатын қорғауда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қызметкерлердің игілігін басты құндылық еткен «Астана Тазалық» кәсіподағы – еңбек адамының сенімді тірегі, әділдік пен қамқорлықтың рәмізі.







# Профсоюз и поможет, и защитит

ТОО «Астана Тазалық» было создано в 2008 году, и уже годом позже в нем образовался профсоюз. Сымбат Какимова - третий по счету председатель - рассказывает, что сейчас около 70% сотрудников предприятия являются членами профсоюза. Вступают охотно, потому что здесь оказывают всевозможную материальную поддержку, а также помощь в решении трудовых конфликтов.

- Профсоюз выполняет функции защиты трудовых, социальных, экономических прав и интересов работников, участвует в регулировании трудовых отношений и разрешении споров на предприятии. Но таковые случаются редко, - говорит Сымбат Какимова.

Профсоюз предоставляет консультации по вопросам трудового законодательства и социальных гарантий и, в целом, способствует улучшению отношений между работниками и работодателем, снижению социальной напряжённости и укреплению трудового согласия на предприятии.

Наличие профсоюзной организации говорит о многом. Это значит, что в компании заботятся об улучшении условий труда и повышении качества жизни сотрудников, обеспечивают их защиту и развитие в рамках трудового законодательства и коллективных договоров.

Особенно важная задача - укрепление корпоративного духа. В этом помогает совместный досуг. Так, в этом году профсоюзом вместе с работодателем проведены праздничные мероприятия, приуроченные к 8 марта, Наурызу и Дню защиты детей, а также новогодний утренник для детей работников предприятия с подарками.

Ко Дню пожилых людей было организовано чествование более 140 ветеранов предприятия. Таким образом им выразили уважение и благодарность за их вклад в развитие компании и сохранение корпоративных традиций.

Организована работа по медицинскому обслуживанию работников за счет предприятия, включая стоматологические услуги. Для своевременного оказания медицинской помощи на территории производственных баз дежурят врачи и фельдшеры. Данная система обеспечивает оперативное медицинское сопровождение и поддержание здоровья сотрудников.



В зимний период для более чем 1 700 рабочих организовано бесплатное горячее питание с целью поддержания их здоровья и повышения работоспособности в холодное время года. Для технических помещений приобретена нужная бытовая техника, что способствует созданию комфортной и удобной среды на рабочих местах.

115 детей сотрудников предприятия этим летом смогли бесплатно отдохнуть в детском оздоровительном лагере благодаря поддержке профсоюза «Астана Тазалық». Для 56 первоклассников приобретены рюкзаки с канцелярскими принадлежностями. Также оказана материальная помощь сотрудникам из социально уязвимых слоев населения.

**С целью обеспечения условий для регулярной физической активности сотрудников, укрепления их здоровья, повышения работоспособности и развития корпоративного духа профсоюз арендует спортивные залы для игры в футбол и волейбол, а также предоставляет своим членам абонементы в бассейн и тренажерный зал. В компании регулярно проводятся спортивные состязания по футболу, волейболу и другим видам спорта, в которых всегда много участников.**



Сам профсоюз регулярно выделяет денежные средства на чествование юбиляров, оказание материальной помощи сотрудникам в важных жизненных ситуациях, таких как заключение брака, рождение детей, послеоперационный и реабилитационный периоды, а также в случае смерти близких родственников.

До этого времени профсоюз ТОО «Астана Тазалық» находился в составе отраслевого профсоюза строителей и ЖКХ, но сейчас переходит в отраслевой профсоюз работников сельского хозяйства.

# Біз - командамыз!






**Алматы ауданындағы филиал «Астана Тазалық» ЖШС-ның қаладағы алғашқы бөлімшелерінің бірі ретінде құрылды. Мекеменің атқарушы директоры Қайрат Жылқайдаров – кәсіпорынға еңбегі сіңген тәжірибелі қызметкер. Сонау 1998 жылы «Горкоммунхоз» МКМ мекемесіне қарапайым жұмысшы ретінде келген маман қажырлы еңбегінің арқасында бірнеше айдан кейін шебер болған екен.**

– Бастапқыда қаланың барлық аумағын қадағалайтынбыз. Тазалауды да, жасыл желекті егу жұмыстарын да біз атқардық. Кейінірек алғашқы аудандар пайда болды. Осы жылдар ішінде мен жақсы команда жинадым. Қазір солардың көпшілігі басшылық қызметтерде жүр, – дейді Қайрат Серікұлы.

Қазір қарқынды құрылыс алаңына айналған бұл қала оның көз алдында өсіп-өркендеді. Алғаш астанаға айналған кезде қандай болғаны, одан кейін қалай өзгергені бәрі-бәрі көз алдында. Коммуналдық салада 30 жыл жұмыс істеді. Бастапқыда құжаттама дегенді де өздері әзірлеп, бәрін күнделікті тәжірибе арқылы үйренді. Осы жылдар ішінде қашанда адал еңбек етіп, халық игілігіне қызмет жасауға тырысты.

Арқа өңіріндегі коммуналшылар үшін ең қиын кезең – қыс. Қыс ерте түсіп, кеш шығатын өңірде көше мен тротуарларды қар мен мұздан тазалауға қыруар еңбек күші мен ресурс жұмсалады. Жаяу жүргіншілер мен көліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бұл жақтың қарлы-боранды қысында күнделікті міндет. Қайрат Серікұлы 2010 жылы өз ауданының аумағында өткен айтулы әлемдік жиын – ЕҚЫУ саммитін мақтанышпен еске алады.

– Желтоқсанның басы еді, қар аз болатын. Саммит кезінде бір-ақ түнде қалың қар жауды. Әлемнің түкпір-түкпірінен қаншама шетелдік қонақ жиналған. Олардың алдында қаланың бет-бейнесі жарқырап тұруы керек. Біз түні бойы ұйықтаған жоқпыз. «Жігіттер, ұйықтамаңдар. Жұмысқа барымызды салайық.» деп әріптестерімнің намысын қайрағаным есімде. Соның нәтижесінде бәрі жоғары деңгейде өтті. Тіпті Мемлекет басшысынан алғыс хаттар алдық. Осындай оқиғаларда тәжірибе жинау одан кейінгі іс-шараларды жеңіл атқаруға пайдасын тигізді.

«Алматы» ауданында коммуналдық қызметкерлердің ерекше назарын қажет ететін бірнеше маңызды нысан бар. Олар – «Отан қорғаушылар» монументі, Оқушылар сарайы, Достық үйі, «Алатау» спорт кешені. Қоғамдық-саяси шаралар негізінен сол жерлерде өтеді. Сондықтан коммуналдық қызметкерлер бұл аумақтардың таза, жинақы болуын үдай назарда ұстайды.

Елорда тазалық мәселесі бойынша қазір әлдеқайда ілгеріледі деп есептейді Қайрат Жылқайдаров. Ол қашанда Астананы әлемнің өзі барған қалаларымен салыстыра жүретінін, сосын бас қаламыздағы өзгерістерге көңілі тоғаятынын айтады. Әрине, мәселе де жоқ емес. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі, кадр тапшылығы бар. Ұжымды жұмылдыру оңай емес. Мұнда контингент ерекше, мамандар еліміздің төрт тарабынан жиналған. Айтпақшы, жұмыскерлермен дұрыс қарым-қатынас орнату үшін директорға ана тілін тереңірек меңгеру қажет болды. Жұмысына көңілі толады. Қазір техника да мүлде басқаша, 90-жылдардың соңындағы ескі ЗИЛ машиналары емес.

– Сын мен ескертпені қалыпты қабылдай жүріп, қателіктен сабақ алуға тырысамыз. Біздікі көзге көріне бермейтін күрделі еңбек қой. Бір ай бойы қаланы мүнтаздай қылып, бір күні бір іске үлгермей қалсаң, сын деген сарт ете түседі, – дейді Қайрат Серікұлы.

Тәжірибелі маманның пікірінше, бұл бағыттағы аса қажет іс – экологиялық тәрбиені балалар жадына жастайынан сіңіру. Мысалы, отбасында баланың үлкені болған өзі тазалыққа мән беруді жас шағынан үйренген.

«Алматы» ауданының аумағы – 470 мың м². Екі ауданға бөлінгеннен кейін көлемі айтарлықтай азайды. Тұрмыстық қалдықтар мен қоқысты жинау, шығару, көшелерді сыпырып, тазалау, жапырақтарды жинау, тротуарларды мұз бен қардан тазалау және тағы басқа жұмыстарды шамамен 120 адам атқарады. Олардың арасында Нұржан Сарин, Әлімжан Мәкішев, Мұрат Машкен, Фаризат Серікова, Олег Синявский және басқалар бар.

– Біздің миссиямыз – қала аумағының санитарлық тазалығы жоғары деңгейде болуын қадағалау, тазалықты жүйелі жүргізу, қоқысты уақтылы шығару, экологиялық талаптарды сақтау. Қарапайым тілмен айтқанда, қаланың күн сайын таза, қауіпсіз әрі жайлы болуын назарда ұстау. Біздің жұдырықтай жұмылған командамыз бұл істі қашанда абыроймен атқара береді, – дейді атқарушы директор.



# Мы - команда!

**Филиал ТОО «Астана Тазалық» района «Алматы» был создан одним из первых в городе. А его исполнительный директор Кайрат Жылкайдаров – один из старожилов предприятия. Пришел еще в ГКП «Горкоммунхоз» в далеком 1998 году простым рабочим, уже спустя несколько месяцев стал мастером.**

- Сначала обслуживали весь город, и уборка, и посадка были в нашем ведении, потом образовались первые районы. За эти годы я собрал хорошую команду, многие из них сейчас на руководящих должностях, - рассказывает Кайрат Серикович.

Город, превратившийся в огромную стройку, рос на его глазах. Он до сих пор помнит первый День столицы, и как все быстро менялось вокруг. Шутка ли, почти 30 лет в коммунальной сфере! Поначалу все делали методом проб и ошибок, сами разрабатывали всю необходимую документацию. Но все эти годы, говорит директор, старались работать на совесть, для людей.

Самый сложный период для коммунальщиков в условиях Центрального Казахстана - это зима. В это время на первый план выходят очистка улиц и тротуаров от снега и наледи для обеспечения безопасности пешеходов и транспорта, обработка дорог противогололедными материалами (песок, соль и смеси). Кайрат Серикович с гордостью вспоминает самое крупное событие на территории его района - саммит ОБСЕ 2010 года.

- Начало декабря, снега почти не было, и в одну ночь как намело! - рассказывает он. – А в городе столько иностранцев, нужно держать лицо. Мы всю ночь не спали. Помню, как уговаривал: «Только не засыпайте, ребята!». В итоге все прошло на высшем уровне. Мы даже получили грамоты от Главы государства. И после этого проводили все мероприятия легко.

На территории района «Алматы» несколько значимых объектов, требующих особого внимания коммунальщиков, – это монумент «Отан қорғаушылар», Дворец школьников, Дом дружбы, спорткомплекс «Алатау». Здесь часто проходят общественно-политические мероприятия, и коммунальщикам нужно обеспечивать чистоту и порядок в округе.

Город сейчас гораздо чище, считает Кайрат Жылкайдаров. Он всегда сравнивает Астану с другими городами мира, где бывает, и приятно удивляется произошедшим переменам. Конечно, не всегда достаточно финансирования, есть проблемы с кадрами. С людьми всегда работать непросто, а здесь контингент особый, много приезжих. Кстати, директору даже казахский язык пришлось совершенствовать, чтобы коммуницировать с ними на равных. Но в целом работа ему нравится. Сейчас и техника совершенно другая, не допотопные ЗИЛы, как было в конце 1990-х.

- Критику воспринимаем нормально и учимся на ошибках, - говорит Кайрат Серикович. - От жителей в любом случае критика будет, хоть как работай. Ведь наш труд не видно.

Большая задача, по мнению старожила предприятия, - экологическое просвещение, начиная с детского возраста. Например, сам он был самым старшим в семье, и с детства привык следить за чистотой.

Территория района «Алматы» составляет 470 тыс. м², после разделения на два района она значительно уменьшилась. Сбором и вывозом бытовых отходов и мусора, подметанием и уборкой улиц, сборов листьев и очисткой тротуаров от наледи и снега и многим другим занимаются порядка 120 человек. Среди них Нуржан Сарин, Алимжан Макишев, Мурат Машкен, Фаризат Серикова, Олег Синявский и другие.

- Миссия нашей службы – обеспечение высокого уровня санитарного состояния городской территории путем систематической уборки, своевременного вывоза отходов и поддержания экологического порядка. Проще говоря, делать город чище, безопаснее и уютнее каждый день. Мы – команда, и заботимся о здоровье и комфорте жителей, поддерживая порядок на улицах в любое время года, - подытожил исполнительный директор.








## Шеткері аумақтың жүгі орталықтан кем емес

Көшелердің тазалығы мен тәртібі үнемі мекеме мен маманға ғана байланысты бола бермейді. Кейде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі аяққа тұсау болады. Мәселен «Байқоңыр» ауданы Астананың ескі бөлігінде орналасқан. Мұнда жер үйлер көп. Ал «Өндіріс», «Кирпичный», «Казгородок» және басқа шағын аудандар – қаланың нағыз шеткері аумағы.

Дегенмен, Астана басшылығы бірнеше рет атап өткендей, тіпті шеткері аудандарда да өмір сүру жағдайы жоғары деңгейде болуы тиіс. Бұл коммуналдық салаға да қатысты.

**Мұндағы тазалық пен тәртіпті «Астана Тазалық» ЖШС-нің Байқоңыр аудандық филиалының атқарушы директоры Ғизат Жұмағұлұлы басшылығымен шамамен 80, ал нағыз маусым кезінде 120-ға жуық маман қадағалайды.**

– Бізде жалақы уақытылы төленеді, медициналық қызмет, баспанамен қамту мәселелерінде де қолдау бар. Ұжым өте ұйымшыл, әркім өз міндетін жақсы біледі. Ал білмегенін үйретуге қашанда әзірміз, – дейді Ғизат Жұмағұлұлы кәсіпорын жұмысы туралы. – Ауданда ескі тұрғын үйлер жеткілікті. Көктемде жер үйлерді су басады. Сол кезде көмектесіп, суды сорғытып бергіміз келеді. Бірақ инфрақұрылым әлсіз, көп жерде асфальттың өзі жоқ. Қар ери бастағанда ол жерлер батпаққа айналады.

Байқоңыр ауданындағы ең өзекті мәселелердің бірі – су басу. Оны шешуге арық жүйесі көмектеседі деп санайды атқарушы директор. Бір қуантарлығы, қазір елордада арықтар көп салынып жатыр.

Қалған жұмыс шаһардың басқа ауданымен бірдей: қысы-жазы тазалық пен жинақылықты қамтамасыз ету. Сондай-ақ тұрақты бақылау және тексеру, тұрғындар өтінішіне жедел жауап беру, сенбілік өткізу директордың міндетіне кіреді. Негізгі мақсат – елорда тұрғындары мен қала қонақтарының назарындағы ортаның таза, қауіпсіз, қолайлы болуын қамтамасыз ету.

«Сіз үшін қазір маңызды басымдық қандай?» деген сұраққа Ғизат Жұмағұлұлы ойланбастан: «Қаламыздың таза болуы» деп жауап береді. Сондай-ақ жас буынды қоқыс тастамауға, төңірегін ластамауға үйрету өте маңызды деп есептейді. Өйткені қаланың таза болуы оны күні-түні тазалай беруге ғана емес, ең алдымен оның тұрғындарының айналасын ластамауына тікелей байланысты. Қазір осы бағытта атқарылатын жұмыстарға бар күшін салып жүр. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасына үлкен үміт артады. Бұл акция қала тұрғындарының санасын өзгертіп, олардың жадына экологиялық мәдениетті сіңіреді деп сенеді.

## Окраины не хуже центра

Чистота и порядок на улицах не всегда целиком и полностью зависит от людей. Иногда попросту подводит инфраструктура. Район «Байқоңыр» расположен в старой части Астаны, здесь большое количество частных домов. А микрорайоны «Ондирис», «Кирпичный», «Казгородок» и другие являются по сути окраинами города.

Однако руководство Астаны неоднократно подчеркивает, что даже на окраинах условия жизни должны быть на высоком уровне. Это касается и коммунальной сферы.

**За чистотой и порядком здесь следят порядка 80, а в сезон и 120 сотрудников во главе с исполнительным директором филиала ТОО «Астана Тазалық» района «Байқоңыр» Гизат Жумагулович.**

- Зарплата у нас вовремя, медицинское обслуживание, с жильем помогают. Коллектив очень сплоченный, все свои обязанности знают. А что не знают, подсказываем, - рассказывает о родном предприятии Гизат Жумагулович, который на этой должности находится еще меньше года. - В районе в основном старый жилой фонд. Весной частные дома в воде стоят. И очень хочется им помочь, откачать воду. Но инфраструктура слабая, асфальт и тот не везде есть. Снег начинает таять - образуется болото.

Самая острая проблема для района «Байқоңыр», действительно, подтопления. Хорошо в борьбе с ней помогает арычная система, считает исполнительный директор. Благо, сейчас в столице активно строятся арыки.

В остальном все, как и в других районах: подметание и мойка дорог, тротуаров, уборка листвы, снега, наледи, обработка противогололедными материалами. У директора еще в обязанностях регулярные обходы и проверки, реагирование на обращения жителей, проведение субботников. Ключевая задача – обеспечить чистую, безопасную и комфортную среду для жителей и гостей столицы.

На вопрос, что для вас самое важное, Гизат Жумагулович искренне отвечает: «Чистый город!». А еще важно научить детей не разбрасывать мусор. Ведь справедлива пословица «Чисто не там, где убирают, а там, где не сорят». К слову, в этом он всячески поддерживает и возлагает большие надежды на инициативу Президента «Таза Қазақстан», которая призвана изменить сознание горожан и привить им экологическую культуру.

# Жауапкершіліктің жүгі ауыр




Есіл ауданындағы (ЭКСПО мен «Бәйтерек» аумағы) «Астана Тазалық» филиалы кәсіпорынның ең ірі филиалы саналады. Бұл аудан ерекше мәртебеге ие. Себебі оның аумағында маңызды әкімшілік нысандар – Ақорда, Парламент, Үкімет, Министрліктер үйі мен басқа да ведомстволардың ғимараттары, дипломатиялық өкілдіктер, сондай-ақ ірі әлеуметтік және мәдени мекемелер орналасқан. Осыған байланысты Есіл ауданында қызмет көрсететін бөлімшенің жүгі ауыр.

Мұнда 350-ден астам қызметкер тұрақты жұмыс істейді. Соның ішінде екі атқарушы директор, қол еңбегімен және механикалық тәсілмен тазалау ісінің төрт учаске бастығы, 18 шебер, 22 бригадир, 255 жүргізуші мен машинист, 100-ден астам жол жұмыскері бар.

Филиалдың бетке ұстар мамандарының бірі – тазалау шебері Татьяна Міскінова. Ол 2020 жылы Президент Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталған. Сондай-ақ жұмысын жауапкершілікпен атқарғаны үшін мекеме басшыларының алғыс хатын бірнеше рет алған. Татьянаның кәсіпорында еңбек етіп жүргеніне 19 жыл болды. Ол бастапқыда жол жұмысшысы, бригадир болып, кейінірек шебер қызметіне тағайындалды.

– Жұмысымыз таңғы 6-да басталады. Екі-үш ауысыммен жұмыс істейміз. Ең алдымен қызметкерлерді учаскелерге бөліп, нақты тапсырмалар жүктеймін. Жол жұмыскерлері алдымен қоқысты жинайды, содан кейін көшелерді тазалайды. Іске ерте кірісеміз, адамдар жұмысқа шыққанға дейін жұмыскерлер көшелерді ретке келтіріп үлгереді, – дейді Татьяна Николаевна. – Әр мезгілдің өз қиындығы бар. Соның ішінде ең ауыры қыс кезіндегі жұмыс екені белгілі. Таңғы кептеліс басталғанға дейін жолдарды, аялдамаларды, жаяу жүргінші жолдарын қардан тазалап үлгеру керек. Ал жазда жұмыс сәл жеңілдейді. Астанада жаз тым ыстық емес, ауа райы күзге дейін көшелерді тазалауға қолайлы.

Филиалда екі атқарушы директор бар. Бәйтерек ауданын Бауыржан Ойратұлы Бегелдинов басқаратын болса, ЭКСПО ауданына Бауыржан Маратұлы Ірғебаев жауапты.

Б.Ірғебаев кәсіпорынға 13 жыл бұрын келген. Осы уақыт ішінде қаланың түрлі аудандарында жұмыс істеп, алдымен бригадир, кейін шебер деңгейіне жетіп, былтырдан бастап атқарушы директор қызметіне тағайындалған. «Астана Тазалық» ЖШС-ында еңбегімен еленгендерді қолдап, қызметте ілгерілетіп отыру жүйелі жолға қойылған.

**– Кәсіпорынның ұжым-бірлігі жақсы. Жыл сайын жалақы өсіп келеді. Сыйақы да төленеді. Биылдан бастап тоқсандық KPI енгізілді. Кәсіподақ тиімді жұмыс істейді. Отбасылық мәселелер туындаса, бір-бірімізге көмектесуге тырысамыз, – дейді Бауыржан Маратұлы.** – Бұрын кеңседе жұмыс істедім, бірақ мұнда жұмыс істеу әлдеқайда қызығырақ. Оның үстіне қалаға қандай да бір пайдамызды тигізгенімізге де қуанамыз. Таңертең ерте тұруды ұнатамын. Кейде күректі де ұстап кетеміз.

Стратегиялық нысандар аумағында орналасқандықтан жұмыстың өз ерекшеліктері бар. Дегенмен, бүгінге дейін «Астана Тазалық» қызметкерлеріне қатысты ешқандай шағым айтылған жоқ, – дейді атқарушы директор.

Мұндағы жұмыс ауқымды екені айтпаса да түсінікті. Сол жағалау дегеніміз ең алдымен елорданың бет-бейнесі Даңғылдары кең. Астанаға ат басын тіреген қонақтарды қарсы алатын әуежай да – осы аумақта. Сол себепті тазалықты сақтаудағы жауапкершілік те жоғары.

– Өкінішке қарай, еңбегіміз бағалана бермейтін кездер де бар. Тұрғындар қаланың таза болуына үйреніп алғанымен, оның қандай еңбекпен жасалып жатқанына мән бере қоймайды. Тазалықшы еңбегінің қаншалықты маңызды, жұмысының қаншалықты ауыр екенін көшелерді қар басқанда ғана түсінеді, – дейді Бауыржан Маратұлы.

Дегенмен жұмысшылар үшін ең бастысы – жұртшылықтың мойындауы емес, қаланың таза әрі жинақы болуы. Қазақстанда коммуналдық қызметкердің арнайы оқуы жоқ. Барлығы – тәжірибе арқылы үйренген мамандар.

Кәсіпорын үшін маңызды жетістік – жаңа, заманауи техникаға қол жеткізу. Мұндай керек-жарақты мекеме біртіндеп түгендеп отырады. Соның ішінде техниканың жақсысы алдымен Есіл ауданындағы филиалға бұйырады. Мысалы, үлкен сүрткіш машина CGS ең алдымен дәл осы бөлімшеге келді. Қазір қалада осындай 10 техника болса, соның бесеуі – осы ауданда. Айта кетерлігі, мұндай машинаның біреуі екі–үш «КамАЗ»-ды алмастыра алады.



# С особой степенью ответственности

Филиал ТОО «Астана Тазалық» района Есиль (ЭКСПО и Байтерек) – самый крупный в столице. Есильский район обладает особым статусом, так как на его территории расположены ключевые объекты государственной и административной значимости - здания Администрации Президента, Парламента, Правительства, центральные министерства и ведомства, дипломатические представительства, важнейшие социальные и культурные объекты. В связи с этим санитарный участок, обслуживающий Есильский район, выполняет работы с особой степенью ответственности и качества.

Здесь на постоянной основе заняты свыше 350 сотрудников, в том числе два исполнительных иректора, четыре начальника участка по ручной и механизированной уборке, 18 мастеров по ручной и механизированной уборке, 22 бригадира, 255 водителей и машинистов, свыше 100 дорожных рабочих.

Гордостью филиала является мастер по ручной уборке Татьяна Мускинова. 3 декабря 2020 года Указом Президента Казахстана она была награждена орденом «Еңбек даңқы» III степени. Также она получила несколько благодарностей от руководителей учреждения за проделанную работу и ответственность. На предприятии Татьяна трудится уже 19 лет, начинала дорожным рабочим, была бригадиром, затем мастером.

- Наша работа начинается в шесть утра. Мы работаем в две-три смены. Прежде всего, распределяю сотрудников на участки и ставлю конкретные задачи. Дорожные рабочие сначала собирают мусор, а затем подметают улицы. Поскольку начинаем рано, мы успеваем привести улицы в порядок до того, пока люди пойдут на работу, – рассказывает Татьяна Николаевна. - У каждого сезона есть свои проблемы, хотя зима проходит немного тяжелее. Перед началом утренних пробок нужно успеть очистить от снега дороги и остановки, пешеходные дорожки. А летом становится немного легче. Лето в Астане не очень жаркое, поэтому погода благоприятная для уборки на улице до самой осени.

В филиале два исполнительных директора – в районе Байтерека командует Бауыржан Ойратович Бегельдинов, на ЭКСПО - Бауржан Маратович Иргебаев. Последний 13 лет назад пришел на предприятие, успел поработать за это время в разных районах города, вырос сначала до бригадира, затем до мастера, и с прошлого года назначен исполнительным директором. Сделать карьеру в ТОО «Астана Тазалық» несложно, все зависит от самого человека.

**- Коллектив у нас дружный. Каждый год поднимается зарплата,**





**премия выплачивается. С этого года ввели ежеквартальный KPI. Профсоюз действенный, если бывают семейные проблемы, стараемся друг другу помогать, - делится Бауржан Маратович.** – Лично я раньше работал в офисе, но здесь мне намного интереснее. А зная, что я приношу какую-то пользу городу, меня это особенно радует. Люблю ранние подъемы, иногда и сам беру в руки лопату. Конечно, физически все это непросто, но мы привыкли.

Из-за расположения на территории стратегических объектов есть свои особенности. Но до сих пор никаких жалоб и нарушений на сотрудников «Астана Тазалық» не было, - говорит исполнительный директор.

Охват здесь, конечно, масштабнее. Проспекты широкие. Левый берег – это, в первую очередь, лицо столицы. Здесь находится аэропорт, куда первым делом попадают гости Астаны. Соответственно, ответственность за содержание выше.

- К сожалению, наш труд не ценят. Жители часто даже не задумываются, все просто привыкли – город чистый. А если не убирать хотя бы несколько дней, особенно зимой, люди поймут, - считает Бауржан Маратович.

Но для рабочих главное – не признание людей, а чистота и порядок в городе. Специального обучения на коммунальщика в Казахстане нет. Все приходит с опытом. Учатся, практически, на собственных ошибках, но глобальных нарушений не бывает.

Большая гордость предприятия – новая современная техника. Закупают ее поэтапно, и первыми – для района «Есиль». Так, большая подметальная машина CGS сначала появилась именно здесь, в районе их теперь пять, а всего по городу - десять. К слову, одна такая машина заменяет два-три КамАЗа.

# Басшы да күрек ұстай алады




Қаланың эстетикалық келбетін сақтап, жақсарту ісіне «Астана Тазалық» ЖШС-ның барлық қызметкері жұмыла атсалысады. Нұра аудандық филиалының атқарушы директоры Арман Бимендиннің айтуынша, компанияда ешкім тапсырманы таңдап-талғап, жұмыстан қашқақтамайды.

Өз қызметкерлері жайлы айта отырып, ол бұл салада көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан, бүгінде учаске басшылары болып қызмет атқаратын Нұрлыбек Нұртазин мен Азамат Төлеуовті мысалға келтірді.

– Әйелдер арасында да үлгілі қызметкерлер бар шығар? – деп сұрадым мен.

– Әрине, жеткілікті. Мәселен, Гүлсім Сыздықованы атап айтуға болады. Ол бұрын жол жұмысшысы, кейін бригадир болды, қазір тазалау шебері, – деп жауап берді сұхбаттасым.

– Шебер дегеніңіз өзі тазаламай, тек бақылайтын маман ба? – деп сұрадым.

– Егер шұғыл тазалау керек болса, өзі де күрек алып, іске кіріседі, – дейді Арман Хасенұлы. – Шашылып жатқан тұсты көрсек, жинауға өзіміз де кірісіп кетеміз. Әріптестеріміз де басшы екенмін деп қол қусырып тұрмайды. Қоқысты көріп тұрып, жұмысшыны күтіп отырмаймыз ғой.

«Астана Тазалық» - елорданың жартысына жетпейтін аумағын ғана қамтитынына қарамастан, көпшілікке танымал әрі жауапкершілігі жоғары ұйым. Мәселен, бүгінде Нұра ауданы қарқынды құрылыс аймағына айналып келеді. Ал құрылыс бар жерде шаң мен лай да қатар жүреді. Демек, коммуналдық қызметтің де жұмысы көбейген.

Аудан аумағында «Хан шатыр» сияқты ірі сауда-ойын-сауық орталықтары, оқу орындары, мәдени нысандар (мысалы, «Астана Опера»), саябақтар орналасқан. Сонымен қатар ипподромның автотұрағында үнемі ауылшаруашылық жәрмеңкелері өткізіліп тұрады. Олардың соңынан қаншама қоқыс қалады.

**Қыс мезгілінде филиалда 300-ден астам, жазда 200-дей еңбеккер жұмыс істейді. Олар ұзындығы 60 мың метрден асатын 36 көшені, яғни ауданның негізгі магистральдарын тазалайды. Мемлекет басшыларының сапары немесе былтырғы V Дүниежүзілік Көшпелілер ойындары сияқты ірі іс-шаралар кезінде «Астана Тазалық» қызметкерлері күшейтілген тәртіппен жұмыс істейді.**

– Жол жұмысшылары күн сайын таңғы 4-те тұрып, 6-да өз учаскесіне келеді. Ауысым біткен соң үйлеріне қайтады. Көбісі қала маңында тұрады. Бірақ тұрақты еңбекақының арқасында көпшілігі бұл жұмысын бағалайды. Денсаулығын нығайтуға арналған төлемақылар бар. Енді «Отбасы банкімен» келісім жасалды, мұқтаж қызметкерлерді баспанамен қамтамасыз ету жоспарланып отыр, – дейді Арман Хасенұлы.

А.Бимендин бұл компанияда 2009 жылдан бері еңбек етеді. Бригадир, шебер, учаске бастығы болып әртүрлі аудандарда жұмыс істеген. Нұра ауданы құрылмай тұрған кезде Есіл ауданы филиалының «Экспо» учаскесін басқарған.

Биыл серіктестік қаладағы екі өндірістік базаны сатып алды. Енді Нұра филиалы Ә.Молдағұлова көшесіндегі базаны «Сарыарқа» филиалымен бірлесіп пайдаланады. Техника жылы бокстарда тұрады, бұл жұмыстың жеделдігін арттырмақ.

Саладағы күрделі мәселелерге тоқтала келіп, Арман Бимендин тұрғындардың мінез-құлқы өзгеріп келе жатқанын айтты:

– Қазір адамдар тым талапшыл болып кетті. Түнде жұмыс істеуге рұқсат бермейді, полиция шақырады. Бірақ біз бұл жұмысты өзіміз үшін емес, халық үшін істейміз ғой. Соншалықты тыныштықты бұзбаймыз да. Енді техника жүрген соң дыбысы шығады ғой. Соған түсіністікпен қарамай, шағымданатындар жиілеп кетті. Осы мәселе жұмысымызға кедергі келтіреді. Ал егер тазаламай кетсең, тағы да ренжиді. Қазір бәрінің қолында телефон, видеоға түсіріп, шағымды жолдай салады. Дегенмен, «бес саусақ бірдей емес», түсіністік танытатын адамдар да бар. Кейбір жандар бізді көрсе өздері де күрек алып көмектеседі. Қалай десек те, жұрттың бәріне жағу мүмкін емес. Бірақ біз қашанда жұмысымызды адал атқарып, қала тазалығын сақтауға бар күшімізді салуға тырысамыз, – деп түйіндеді сұхбаттасым.



# И начальник может взять лопату

Над поддержанием и улучшением эстетического вида городской среды трудятся все сотрудники ТОО «Астана Тазалық». Как признался в интервью исполнительный директор филиала района «Нұра» Арман Бимендин, в компании никто не чурается никакой работы.

Рассказывая о своих сотрудниках, он привел в пример давно работающих в этой сфере ныне начальников участков Нурлыбека Нуртазина и Азамата Толеуова. «А есть ли у вас достойные женщины?», - спросила я. «Гульсум Сыздыкова! Была дорожной рабочей, бригадиром, сейчас она мастер по ручной уборке», - сообщил мой собеседник.

«Мастер – это значит сама не убирает, только контролирует?», - поинтересовалась я.

- Если надо быстро убрать, она и сама может лопату в руки взять! - не задумываясь, ответил Арман Хасенович. - Мы тоже, если видим, что где-то что-то не так лежит, сами убираем. У нас все работают, независимо от должности. Я ж не буду стоять ждать, пока рабочий придет. А вдруг в это время кортеж поедет! Так что мы всегда наготове.

«Астана Тазалық», хоть и обслуживает меньше половины территории столицы, но у всех на слуху, и ответственность большая. Например, район «Нұра» сейчас активно застраивается. А там, где стройка, там всегда пыль и грязь. Значит, работы у коммунальщиков прибавилось.

На территории района также расположены крупные торгово-развлекательные центры вроде «Хан-Шатыра», учебные заведения, культурные объекты (Астана Опера), парки. На парковке ипподрома регулярно проводятся сельскохозяйственные ярмарки, после которых остается очень много мусора.

**В филиале зимой задействованы больше 300 сотрудников, летом – 200. Они обслуживают крупные магистральные дороги, всего в районе 36 улиц протяженностью более 60 тыс. м. Во время приезда глав иностранных государств или мероприятий вроде прошедших в прошлом году V Всемирных игр кочевников рабочие «Астана Тазалық» переходят на усиленный вариант несения службы.**

- Дорожные рабочие встают каждый день в четыре утра, чтобы в шесть быть на участке. После смены уезжают обратно к себе, в основном они живут в пригородах. Но многие держатся за эту работу благодаря стабильной заработной плате. Выплачивают оздоровительные. Теперь вот с Отбасы банком есть договоренности, планируется обеспечивать нуждающихся жильем, - делится Арман Хасенович.

Сам он в компании с 2009 года, был бригадиром, мастером, начальником участка в других районах. До создания района «Нұра» возглавлял участок «Экспо» филиала района «Есиль».

В этом году в ТОО большое достижение – приобретение двух собственных производственных баз. Нуринский филиал теперь будет делить одну из них - по улице Молдагуловой - с филиалом района «Сарыарка». Техника будет стоять в теплых боксах, а это добавит оперативности и маневренности.

На вопрос, с какими сложностями приходится сталкиваться в работе, Аскар Бимендин говорит, что жители нынче стали капризные - не дают по ночам работать, вызывают патрульных полицейских.

- Но мы ж не для себя эту работу выполняем. И сильно-то не шумим, но в любом случае техника есть техника. Такие случаи недовольства со стороны жильцов стали учащаться, и это вредит нашей работе. Опять же, если убирать не будешь, тоже жалуются. Сейчас ведь каждый с телефоном, снимают, отправляют жалобы. Но есть и люди с понятиями. Некоторые, завидя нас, сами лопаты берут, помогают. Так что всем не угодишь, но мы стараемся работать на совесть, ради чистоты и порядка в городе, - резюмировал мой собеседник.

# Жайлылықтың емес, жауапкершіліктің аймағы




Астананың Сарайшық ауданында тәулік бойы 120-ға жуық жол жұмысшысы еңбек етеді. Олар қала көшелері қоқысқа толып, ыбырсымай, көрген жұрттың көңілінен шығатындай тап-таза, таптүйнақтай болуы үшін тынымсыз жұмыс істейді.

**– 2025 жыл – Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы». Міне, дәл осы уақытта жұмысшыларымызды қолдау өте маңызды. Бұл бағытта бірқатар игі бастамалар қолға алынды. Мәселен, жаңа басшылық «Отбасы банкімен» меморандумға қол қойып, ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан қызметкерлерге баспана алуға мүмкіндік берді. Кәсіпорын тарихында мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған, – дейді атқарушы директор Мереке Ерболұлы.**

Оның айтуынша, жаңа басшылық коммуналдық қызметкерлердің еңбегін әлеуметтік желілерде көрсетуді де қолға алған. Бұл да өте маңызды. Өйткені олардың еңбегін көп адам байқай бермейді, бағаламайды.

– Біздің жұмысқа жастар көп келе қоймайды. Негізінен зейнет жасына жақындаған адамдар орналасады. Қалалықтар да аса қызықпайды, – дейді атқарушы директор. – Бірақ қаладан тысқары жерлерден келетіндерге жұмысқа әкеліп-алып кететін көлік, ыстық тамақ дегенді ұйымдастырамыз. Әр қызметкер медициналық сақтандыру арқылы жыл сайынғы тексеруден өтеді. Бұдан бөлек, кәсіподақ желісі бойынша түрлі төлемдер мен ынталандырулар, тіпті балаларымызға жазғы лагерьге жолдама да беріледі.

Биыл ғана құрылған Сарайшық ауданы маңызы жағынан Есіл ауданынан кейінгі екінші орында тұр. Мұнда елорданың басты нысандары – «Қазақ елі» монументі, «Хазрет Сұлтан» мешіті, Ұлттық музей орналасқан. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы мен Ж.Нәжімеденов көшелері секілді ұзын магистральдар бар. Әсіресе Тәуелсіздік алаңында өтетін мәдени-көпшілік шаралардан кейін қоқыс көлемі айтарлықтай артады.

Коммуналдық шаруашылықтың арнайы регламенті бойынша қай аумақта ПИК пен ОСИ, ал қай жерде коммуналдық қызметтер жауапты екені нақты белгіленген. Жазда санитарлық тазалау қоқыс жинау, шаңмен күрес, суару жұмыстары қамтылады. Ол үшін су шашатын және тазалайтын көліктер, шаңсорғыш қолданылады. Қыста негізгі бағыт – қар тазалау, тротуарлар мен көлік тұрақтарын күту, көк тайғақпен күрес.

– Қар жауған соң сыпырғыш техника көшелерді тазалап шығады. Кейін автогрейдерлер тобы қарды жиектеп үйеді. Ал қар тиейтін техника оны «КамАЗ» көліктеріне тиеп, қала сыртындағы арнайы полигондарға шығарады, – дейді директор.

Тимбилдингтер, спорттық жарыстар өткізіп, ортаның көңілін көтереміз. Компанияда жастар кеңесі бар. Оған мүше азаматтардың жетеуі – біздің филиал қызметкерлері. Ұйымшыл ұжымбыз. Мысалы, Мәлік Байғабылов пен Алмат Сыздықов сынды бригадирлеріміз кәсіпорынның спорттық командасында өнер көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Биыл біздің филиал футбол мен волейболдан өткен турнирлерде бірінші орындарға ие болды.





# Не зона комфорта, а зона ответственности

Порядка 120 только дорожных рабочих круглосуточно заботятся о чистоте и порядке в столичном районе «Сарайшық». Невидимая армия днем и ночью выходит на центральные улицы Астаны, чтобы многочисленные гости города, в том числе иностранные, да и сами астанинцы любовались достопримечательностями, не отвлекаясь на неприглядный мусор.

**- 2025-й объявлен Президентом Годом рабочих профессий, и было бы очень хорошо поддержать в связи с этим наших рабочих. Уже многое делается в этом направлении. Наше новое руководство, например, заключило меморандум с Отбасы банком, и теперь те, кто долго работает, смогут претендовать на жилье. До этого в истории предприятия такого не было, -говорит исполнительный директор Мереке Ерболович.**

Также он отмечает, что новый руководитель активно старается показать работу коммунальщиков в социальных сетях. А это очень важно, потому что их труд никто не видит и не оценивает по достоинству.

- Молодежь не идет к нам работать, в основном устраиваются люди предпенсионного возраста. Городские тоже не идут, - делится исполнительный директор. - Зато иногородним мы обеспечиваем развозку и горячее питание. Медицинская страховка предусматривает ежегодный медосмотр. Плюс по линии профсоюза множество выплат и поощрений. Даже путевку в летний лагерь выдают для наших детей!

Район «Сарайшық», созданный буквально в этом году, находится на втором месте по значимости после района «Есиль». Здесь расположены такие знаковые объекты, как монумент «Қазақ елі», мечеть «Хазрет Султан», Национальный музей. Есть такие протяженные улицы, как Байтурсынова и Нажимеденова. Особенно сложно бывает во время культурно-массовых мероприятий на той же площади Независимости, когда остается очень много мусора.

Специальным регламентом коммунального хозяйства четко распределены границы, где за порядок ответственны КСК или ОСИ, а где коммунальные службы. Летом санитарная уборка включает в себя сгребание мусора, борьбу с пылью, полив. Для этого задействуются поливомоечные машины, пылесосы. Зимой, в основном, это уборка снега с проезжей части, парковочных карманов, тротуаров и пешеходной зоны, а также борьба с гололедом.

- После снегопада подметальная техника сметает снег, затем спецбригада автогрейдеров формирует его на прибордюрной части. Далее цикл уборки - ламповые снегопогрузчики грузят снег на КамАЗы, которые вывозят его на специальные полигоны за пределами города, - поясняет процесс уборки директор.

В компании есть молодежный совет, так вот семеро из его участников – сотрудники нашего филиала. У нас дружный коллектив! Например, мы гордимся нашими бригадирами Маликом Байгабуловым и Алматом Сыздыковым, которые выступают за нашу спортивную команду и демонстрируют хорошие результаты. Так, в этом году наш районный филиал занял первые места в турнирах предприятия по футболу и волейболу.



# Астана - таза қала!




Жылдың қай мезгілінде де бас қаланың мұнтаздай таза, көз жауын алардай жинақы болуын, экологиялық, санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – «Астана-Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Сарыарқа» аудандық филиалының басты мақсаты. Бүгінде филиалдың санитарлық тазалау бөлімінде 14 инженерлік-техникалық қызметкер, 90-нан астам жол жұмысшысы және жүзден аса жүргізуші мен машинист тұрақты түрде еңбек етеді. Олардың үйлесімді жұмысы мен жауапкершілігінің арқасында аудан аумағында тазалық пен тәртіп сақталып, елорданың көркі мен экологиялық ахуалы жақсарып келеді.

**Осы филиалдың атқарушы директоры Владимир Псяконың бұл салаға келгеніне 30 жылдан асты. Ол еңбек жолын бұрынғы «Горкоммунхоз» кәсіпорнында шебер ретінде бастап, қажырлы еңбегінің арқасында сатылай өсіп, прораб, бөлім бастығының орынбасары және учаске бастығы қызметтерін атқарды. Былайынша айтқанда, әбден шыңдалған, саланы бес саусақтай білетін маман.**

– Жұмыс дегеніңіз қазір хоббиіме айналып кеткен сияқты, – дейді Владимир Александрович. – Тіпті басқа елге немесе қалаға барған кездің өзінде ең алдымен тротуарлар мен жиектасқа, жол жабынына, арық жүйесіне көз жүгірте бастаймын. Олардың қалай тазаланып, қалай күтіліп жатқанын қарап, жадыма тоқып жүремін. Мұны кәсіби әдет десе де болады!

«Басқа қалалармен салыстырғанда Астанада тазалық деңгейі жоғары» дейді кәсіпорын ардагері. Алайда қазір тұрғындар бұған тез үйреніп, қалыпты нәрсе ретінде қабылдайды. Ал қала көшелерін мұнтаздай етіп жүрген жандар туралы көпшілігі ойлай бермейді.

– Мен сын мен ескертуге түсіністікпен қараймын. Өйткені жаяу жүремін, сол жерлерде өзім де кейде тайып құлауым мүмкін ғой. Сондықтан сын айтқан адамның орнына өзімді қоямын, – дейді Владимир Псяко. – Әрине, «диван сыншылары» да жетерлік. Бірақ, негізінен, ескертулер орынды. Біз әрдайым халық алдында ұялмайтындай еңбек етуге тырысамыз. Себебі қала тұрғындары жайлы ортада тұруға, соны талап етуге құқылы.

Компанияда кәсіби өсу – қалыпты құбылыс. Владимир Псяконың өзі де талай рет бұл үдерістің бел ортасынан табылған. Әріптестерінің арасынан қарым-қабілеті жоғары қызметкерлерді байқаса, қолдап, қызметтік өсуіне мүмкіндік беріп отырады.

Қазір бұл салада бәсеке жоғары. Қызмет көрсетуші жекеменшік компаниялар көбейіп келеді. Алайда «Астана-Тазалық» мемлекеттік кәсіпорын ретінде қашанда үлгі көрсетіп, инновацияда көшбасшы болуға тиіс. Солай болып та отыр. Әсіресе жан-жақты даму мен жаңашылдыққа айрықша көңіл бөлген жаңа басшылық кезінде бұған ерекше назар аударылып келеді.

– Мен алғаш жұмысқа келген кезде техника аз еді. Барының өзі тозығы жеткен, ескі үлгідегі техника болатын. Бірақ уақыт бір орында тұрмайды. Қала да өсіп, технологиялар да өзгереді. Жұмыс тәсілдері жетілдіріліп, техниканың да стилі мен жұмыс режимі өзгерді. Мысалы, бұрын бір учаскеде үш-төрт көлік қатар жұмыс істесе, қазір сол істі бір техника атқара алады. Бұрын қар тиегіш 300 текше метр қар тией алса, қазір 500 текше метрді қамтиды, – дейді Владимир Александрович.

Филиал басшысы 2025 жылғы маңызды жетістіктердің бірі «Астана-Тазалық» ЖШС-ның Ақжол және Ә.Молдағұлова көшелеріндегі екі ірі өндірістік базаны сатып алғаны екенін атап өтті. Осының арқасында енді техника жылы бокстарда тұрады. Бұл өз кезегінде жұмыс тиімділігін арттырып, жедел қимылдауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта өндіріс үдерісі толық цифрландыру кезеңінен өтіп жатыр. Бұл – бәсекеге қабілетті болудың және заман талабына сай қызмет етудің басты тетігі. Көліктерге жанармай деңгейін өлшейтін және GPS бақылау құрылғылары орнатылған. Сонымен қатар бейнебақылау жүйесі енгізілу үстінде. Кабиналардағы камералар жүргізушінің жұмысын бақылап қана қоймай, оның қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ жұмыс сапасын арттыру мақсатында фотоесептері бар электронды тазалау журналы және электрондық жол парағы енгізілді. Бұған қоса қызметкерлердің кәсіби даярлығын арттыруға да ерекше мән берілуде – бұл бұрын іс жүзінде қолға алынбаған бағыт еді.

Әрине, кадр тапшылығы бар. Өйткені бұл – өзіндік ерекшелігі бар жұмыс. Күрделі техниканы басқарып, қағылмай-соғылмай жүру екінің бірінің қолынан келе бермейді.

– Қазір компания ұжымды жасаруды қолға алды. Өйткені бұл саланың жұмысы ауыр. Қақаған аяз бен аптап ыстықта, қар мен жаңбырдың астында еңбек етуге тура келеді. Мұндай жұмысқа кез келген адам шыдай алмайды. Тұрғындар арасында біздің жұмысшыларға менсінбей қарайтындар да бар екені белгілі. Бірақ көпшілік мұндай еңбекті құрметтеу керектігін жақсы түсінеді. Өз басым ұжымымды қатты қадірлеймін. Біз қызметкерлерімізді бағалаймыз және олар үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамыз. Олардың қай-қайсысы да таптырмайтын мамандар, – деп түйіндеді сөзін Владимир Псяко.



# В Астане - чисто!

Поддержание комфортной и экологически безопасной городской среды в любое время года, обеспечение чистоты и санитарной безопасности для здоровья и благополучия жителей – такие цели ставит перед собой филиал ТОО «Астана-Тазалық» района «Сарыарка». В отделе по санитарной очистке постоянно работают 14 инженерно-технических работников, более 90 дорожных рабочих, свыше сотни водителей и машинистов.

**Исполнительный директор филиала ТОО района «Сарыарка» по коммунальной очистке Владимир Псяко на этом поприще уже более 30 лет. Начинал еще в «Горкоммунхозе» мастером, прорабом, замначальника и начальником участка. Как говорится, прикипел.**

- Работа давно стала моим хобби, - признается Владимир Александрович. - Даже когда приезжаю в другую страну или город, первым делом обращаю внимание на бордюры, тротуары, проезжую часть, ливневку, как все это обслуживается. Такая профессиональная деформация!

По сравнению с другими городами в Астане чисто, считает старожил предприятия. Но жители к этому быстро привыкают и принимают за должное, не задумываясь, а кто доводит улицы города до блеска.

- К критике отношусь нормально. Ведь я тоже хожу пешком и иногда могу поскользнуться. Поэтому ставлю себя на место этих людей, - говорит Владимир Псяко. – Есть, конечно, диванные критики. Но в основном нарекания обоснованные. И мы стараемся работать так, чтоб не было стыдно перед людьми. Ведь горожане заслуживают хороших условий.

Профессиональный рост в компании нередок. И сам Псяко не раз принимал в этом участие. Присматривал среди сотрудников особо старательных, повышал по служебной лестнице. Хорошо, говорит, что сейчас в этой сфере конкуренция, много частных обслуживающих компаний. Но «Астана-Тазалық» как единственное государственное предприятие должно быть примером и лидером в инновациях. Так оно и получается, особенно при новом руководстве, радеющего за всестороннее развитие.

- Когда я только пришел, было мало техники, и она была допотопная. Но прогресс не стоит на месте, и город растет, и технологии меняются. Оттачиваются методы, техника меняет стиль и режим работы, - рассказывает Владимир Александрович. - Вместо трех-четырех машин, например, уже может быть задействована одна. Снегопогрузчик если раньше 300 кубометров снега мог грузить, то сейчас 500.

Из достижений 2025 года руководитель выделяет приобретение ТОО двух больших производственных баз по улицам Акжол и Молдагуловой. Теперь техника будет стоять в теплых боксах, а это добавит оперативности и маневренности.

Полным ходом ведется цифровизация производства, чтобы быть конкурентоспособными и отвечать вызовам времени. На технике установлены датчики уровня топлива, GPS, вводится система видеофиксации – камеры в кабине не только контролируют водителя, но и обеспечивают его безопасность. Внедрена система электронного журнала уборки с фотоотчетами для повышения контроля качества работ и электронный путевой лист. Сотрудники проходят обучение, чего раньше практически не было.

Дефицит кадров, конечно, есть, это все-таки специфическая работа. Нужно уметь безаварийно и качественно управлять сложной техникой.

- Сейчас в компании взят курс на омоложение коллектива, и логика в этом есть, ведь это очень тяжелый труд, на холоде, на жаре, под дождем и снегом - не каждый выдержит. У некоторых горожан проскакивает снобизм по отношению к нашим рабочим. Но многие понимают, что за такую работу надо уважать. Лично я очень уважаю свой коллектив. Сотрудников мы ценим и многое делаем для них, - подытожил Владимир Псяко.





## ҮЛКЕН ҚАЛАНЫҢ ІРІ ТҰЛҒАЛАРЫ



### Инфрақұрылым мен әлеуметтік қолдау – тұрақты дамудың негізі

«Астана Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі соңғы жылдары өндірістік әлеуетті нығайту, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және операциялық тиімділікті арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді.

### Өндірістік базалар – өз меншігімізде

2008 жылдан бері жалға алынған өндірістік базалар бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп, бүгінде аталған нысандар толықтай Серіктестіктің меншігіне өтті. Бұл қадам «Астана Тазалықтың» материалдық-техникалық базасын нығайтуға және өндірістік процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік берді.





### Қызметкерлерге қолайлы жағдай – басты назарда

Қызметкерлердің тұрмыс жағдайын жақсарту және әлеуметтік қолдауды күшейту мақсатында өндірістік базалардағы жатақханаларда жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта бірқатар нысандарда белсенді жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, ал екінші базада жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Жоба аясында дәстүрлі дәліздік үлгідегі жатақханаларды заманауи пәтерлік блоктарға қайта жоспарлау қарастырылған. Мұндай шешім қызметкерлердің тұрмыс сапасын арттырып, жайлы әрі қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастырады.

### Жаңа өндірістік базалар – тиімділік кепілі

Логистикалық шығындарды азайту және техниканы қызмет көрсетілетін аумақтарға барынша жақын орналастыру мақсатында Сарайшық және Есіл аудандарында жаңа өндірістік базалар құру жобасы қолға алынды

### Аутсорсинг - оңтайландыру құралы

Ұйымның құрылымын оңтайландыру, ұтымды пайдалану және арттыру мақсатында Серіктестік өндірістік базалар мен нысандарды техникалық қызмет көрсетуді кезең-кезеңімен аутсорсингке көшіру туралы шешім қабылдады.

Бұл шара шығындарды азайтуға, қайталанатын қызмет түрлерін болдырмауға және жұмыс сапасын арттыруға бағытталған. Арнайы мамандандырылған ұйымдар тарапынан көрсетілетін техникалық сүйемелдеу өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

### Инфраструктура и социальная поддержка – основа устойчивого развития

Товарищество с ограниченной ответственностью «Астана Тазалық» в последние годы активно реализует комплекс мероприятий, направленных на укрепление производственного потенциала, улучшение социальных условий работников и повышение операционной эффективности деятельности.

### Производственные базы – в полной собственности

С 2008 года ряд производственных баз находился в аренде. В результате проведённой работы сегодня Товарищество стало полноправным собственником указанных объектов. Это решение позволило укрепить материально-техническую базу и повысить эффективность управления производственными процессами.



### Комфорт для сотрудников – приоритет компании

В целях улучшения условий проживания работников и в рамках реализации мер социальной поддержки персонала на производственных базах проводятся ремонтные работы общежитий.

На одной из баз ремонт активно ведётся, на другой завершается подготовка проектно-сметной документации.

Проектом предусмотрена перепланировка помещений: общежития коридорного типа трансформируются в жилые блоки квартирного типа. Это позволит значительно повысить уровень комфорта и создать более благоприятные бытовые условия для сотрудников.

### Новые производственные базы – путь к эффективности

С целью сокращения логистических затрат и повышения экономической эффективности деятельности реализуется проект по созданию новых производственных баз санитарной очистки в районах Сарайшык и Есиль.

### Аутсорсинг – инструмент оптимизации

В рамках мероприятий по оптимизации организационной структуры, рациональному использованию ресурсов и повышению операционной эффективности Товариществом принято решение о поэтапном переходе на аутсорсинг технического обслуживания производственных баз и объектов.

Эта мера направлена на снижение расходов, исключение дублирующих функций и обеспечение бесперебойного, профессионального обслуживания силами специализированных организаций.

## Имиджді іс-шаралар






Мекеме қызметкерлері «Таза Қазақстан» эко-акциясы аясында 100-ден астам ағаш отырғызды



1 маусым балаларды қорғау күніне орай балалар арасында байқау ұйымдастырылып, бағалы сыйлықтар табысталды



«Астана Тазалық» ЖШС және «Хабар» Агенттігі «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай меморандумға қол қойды




БАҚ өкілдері арасында Дәстүрлі байқау




Қала күніне орай ұйымдастырылған "Жауап бер де, сыйлық ұтып ал" викторинасында 1000-нан аса сыйлық таратылды




Таза қала - ортақ үйіміз!





"Астана Тазалық" әлеуметтік ролигі елорда тұрғындары арасында тазалық мәдениетін насихаттау мақсатында қоғамдық көліктерде көрсетілуде.




Елорда тұрғын үй кешендеріндегі лифт мониторларында тұрғындарды тазалыққа шақыратын 10 бейнеролик көрсетілуде

## Наурыз мейрамы







## Спорт









# “Астана Тазалық” бас қаланың 40% тазалайды

Біз әлеуметтік желідеміз!